



## ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ЫРЫС АЛДЫ – ЫНТЫМАҚ

Түбі бір түркі халықтарының интеграциясы күн өткен сайын қанатын кеңге жайып, тереңдеп келеді. Осыдан 15 жыл бұрын Әзербайжанның Нахчиван қаласында іргесі қаланып, кейін салмақты халықаралық құрылымға айналған Түркі мемлекеттері ұйымының Бішкекте өткен XI саммиті интеграциялық процестердің келесі кезеңін бастады. Саммитке Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, Қазақстанның ұйымға төрағалық еткен жылын қорытындылады. Әрі ынтымақтастық аясында атқарылуы қажет деп санайтын ұсыныстарын ортаға салды.

«Түркі әлемінің күшеюі: Экономикалық интеграция, тұрақты даму, цифрлық болашақ және қауіпсіздік» деген атаумен басталған жиында сөйлеген Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде ерекше қонақжайлық көрсеткен Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров пен біртұған қырғыз халқына шынайы ризашылығын білдірді. Сондай-ақ «Ынтымақ Ордо» ғимаратында өтіп жатқан алкалы жиын Түркі мемлекеттері ұйымының 15 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырғанына назар аударды.

— Бұл — мерейлі белес. Осы сәтті пайдаланып, баршаңызға құтты болсын дегім келеді. Түркі мемлекеттері ұйымы аз ғана уақыт ішінде беделді құрылымға айналды. Оның әлемдік мәртебесі артты. Бұл — ең алдымен, берекелі бірлігіміздің, ортақ күш-жігеріміздің арқасы. Осы басқосу ырысты ынтымағымызды одан әрі нығайта түседі деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент еліміздің Түркі мемлекеттері ұйымындағы төрағалығы аясында атқарылған шараларға тоқталды. Былтыр қарашада осынау ұйымға төрағалық етуді бастаған Қазақстан ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне ерекше атау берген берген еді. Қазақша

«Түркі дәуірі», ағылшынша «TURK-TIME!» деп аталған ұрандағы әр әріптің өзіндік мәні бар екенін Мемлекет басшысы ұйымның Астанада өткен X саммитінде атап өткен болатын. Қазақстан Traditions, Unifications, Reforms, Knowledge, Trust, Investments, Mediation, Energy дейтін 8 бағыт ұсынған. Осынау бағыттардың әрқайсысы заманауи әлемді Қазақстанның ғана емес, күллі түркі әлемінің орнын, даму бағытын айқындайтын ұстанымдар. Дәстүр мен бірегейлік, реформалар, білім мен сенім, инвестиция, медиация мен энергия түркілерді алға жетелейтін құндылықтар мен факторлар екеніне тоқталған болатын.

Бішкектегі саммитте Қасым-Жомарт Кемелұлы бір жыл ішінде ауыз толтырып айтарлықтай іс тындырылғанын атап өтті.

— Қазақстан Ұйымның іс басындағы төрағасы ретінде «TURKTIME!» ұранын көтерді. Түбі бір түркі жұртын біріктіруге баса мән бердік. Жан-жақты ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аудардық. Осы уақыт аралығында нақты жетістіктерге қол жеткіздік. Бір-қатар жобаны жүзеге асырдық. 80-нен астам іс-шара ұйымдастырылды. Аста-

нада Үдүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Байрақты бәсеке Ұлы дала өркениетін жер-жаһанға танытты. Түркі әліпбиінің ортақ нұсқасы бекітілді. Мұны тарихи оқиға деуге болады. Былтыр Астанада Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдерді тағайындау туралы шешім қабылданды. Оның ережесі бекітілуге дайын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атап өткен жетістіктерді бір жыл ішінде атқарылған іс-шараларға көз жүгірткен кез келген азамат байқайды. Қазақстан ұйымға төрағалық еткен бір жыл ішінде ТМҰ-ның халықаралық сахнадағы беделі біршама көтеріле түсті. Бұрынғы саммиттерде қабылданған шешімдер нақты жүзеге аса бастады. Атап айтқанда, Түркі инвестициялық қоры жұмысын бастап, өткен көктемде қордың инаугурациялық отырысы ұйымдастырылған еді. Бастапқы капиталы 500 млн доллар болатын бұл қор күндердің күнінде Еуропа даму банкі, Азия даму банкі немесе Еуропалық аймақтық даму қоры тәрізді қаржы институтына айналуы бек мүмкін. Өйткені түркі мемлекеттері осыған мүдделі.

(Жалғасы 2-бетте)

### ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Америка Құрама Штаттары Президентінің сайлауында айқын жеңіске жеткен Дональд Трампқа құттықтау жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті қауіпсіздік, ядролық қаруды таратпау, инвестиция салаларындағы екіжақты ынтымақтастық дәйекті түрде дами беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трампқа Америка халқының өсіп-өркендеуі жолындағы, сондай-ақ жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қызметіне табыс тіледі.

## ШАРУАЛАР НЕГЕ ШЫРЫЛДАЙДЫ?

Тәтті түбір төңірегіндегі түйткіл басылар емес. Осыдан екі жеті бұрын еңбек адамдарын шырылдатқан мәселе бүгінде Сенат мінберіне жетіп отыр. Нақтырақ айтсақ, сенатор Сәкен Арубаев қант қызылшасын өткізе алмай жүрген диқандардың жанайқайын Ауыл шаруашылығы министрлігіне жеткізіп, сауалын төтесінен қойды. Бұқараның базынасы орынды екенін тілге тиек етіп, «министрлік келтірген сандар сандырақ» деп сын тезіне алды.



→ 5

### БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

#### ТЕГЕУРІНГЕ ТӨЗІМДІ САЛА

Мемлекет басшысы биылғы халыққа Жолдауында Үкіметке Жаңаөзендегі, Қашағандағы және Қарашығанақтағы газ өңдеу кәсіпорындарының құрылысын тездетуді тапсырған.



→ 5

#### QS: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Таяуда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары білім беру мәселелеріне арналған QS Higher Education: Asia Pacific 2024 пре-саммиті өтті.



→ 8

### БАСПАСӨЗ-2025

**АІОҰН**  
АІОҰН республикалық  
қоғамдық-саяси газетіне  
2025 жылға жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 - АІОҰН	6 ай 12 ай	10 500 21 000	15 871,08 31 742,16	11 854,86 23 709,72
Жеке жазылушылар үшін	65102 - АІОҰН	6 ай 12 ай	6 250 12 500	7604,46 15208,92	



Анықтама телефондары:  
«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96  
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



7 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ

# ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ЫРЫС АЛДЫ – ЫНТЫМАҚ

(Басы 1-бетте)

## Амангелді ҚҰРМЕТ

Бөлкім, қор жұмысының маңызын ескергендіктен болар, Қазақстан Президенті саммитте мұны айрықша атап өтті.

— Түркі инвестициялық қоры өз қызметін тиімді жалғастырып келеді. Мұны түркі интеграциясын тереңдетуге бағытталған қадам деп бағалаймын. Бүгінгі саммитке қырғыз бауырларымыз «Экономикалық интеграция, тұрақты даму, цифрлық болашақ және қауіпсіздік» тақырыбын ұсынып отыр. Бұл ұсыныс бәріміздің мүддемізге сай келеді. Соңғы 10 жылда ұйым мүшелері арасындағы экономикалық байланыстар нығайтты. Биыл өзара сауда айналымы 45 миллиард доллардан асты. Осы көрсеткішті әлі де ұлғайтуға болады. Оған мүмкіндігіміз жетеді, — деді Президент. Әрі ұйым тарапынан қолға алынған тың бастамаларды жалғастыру қажет деп санайтынын айтты. Мемлекет басшысының пікірінше, ұйым аясында сауда-экономика, энергетика, қаржы және инвестиция салаларындағы байланыстар да беки түскен.

— Түркі әлемін экономикалық тұрғыдан одан әрі өркендету үшін Орта дәліздің әлеуетін толық пайдаланған жөн. Оның стратегиялық мәні бар. Сондықтан тасымалдау жолдарына қатысты бірлескен келісім жасау қажет. Мұндай қадам тұрақты дамуды қамтамасыз етеді. Ұйымға мүше мемлекеттер бұл бастамаға қолдау білдіреді деп сенемін, — деді Президент.

Мемлекет басшысы қаржы-инвестиция саласындағы ынтымақтастықты нығайту қажет екенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бұл бағытта Түркі инвестициялық қоры ерекше рөл атқарып келеді. Сонымен қатар тараптардың Орталық банктер кеңесін құру туралы бастаманы бірауыздан құптағанын жеткізді.

Президент адам капиталын дамытуды аса маңызды міндет ретінде атады.

— Түркі өркениетін жаңғырту үшін адам ресурстарын тиімді пайдалану керек. Дарынды жастардың әлеуетін ашуға мүмкіндік жасау қажет. Ғылым-білім саласындағы ынтымақтастық аясын кеңейткен жөн. Былтырғы Саммитте елдерімізде беделді университеттеріміздің бөлімшесін ашу туралы ұсыныс айтылды. Соның нәтижесінде Қазақстанда Түркияның Гази университетінің филиалы ашылды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы саммитте қол қойылған «Цифрлық экономикадағы әріптестік туралы» келісімді Түркі мемлекеттері ұйымы мүшелері үшін мәні зор құжат деп бағалады. Сондай-ақ түркі әлеміне ортақ ақпарат кеңістігін қалыптастыру мақсатында кабельдік телеарналардың өзара хабар таратуын ұйымдастыру қажет екеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында саммит аясында жасалатын келісімдер түркі мемлекеттерінің әлеуетін арттыратынына сенім білдіріп, ұйымға төрағалық ететін Қырғыз еліне табыс тіледі.

## ИНТЕГРАЦИЯ БАҒЫТЫ АЙҚЫН

Негізі, Түркі мемлекеттері ұйымының Бішкекте өткен XI саммитінде бауырлас халықтар арасындағы интеграцияны күшейтуге қатысты ұстанымдарды байқауға болады. Бір байқағанымыз, Қазақстан да, Өзбекстан да, Қырғызстан мен Әзербайжан да ұйым жұмысын жетілдіруге бағытталған ұсыныстарын бұрынғы бастамалардың жалғасы ретін-



де алға тартатындай. Біздің пайымдауымызша, халықаралық ұйым үшін мұндай ұстаным өзекті болуға тиіс. Қазіргідей геосаяси шиеленіс өршіп тұрған кезде популистік ұрандарға, халықаралық құқық нормаларына қайшы түсетін қадамдарға баруға болмайды. Мұны Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың негізгі ұстанымы ретінде бағалаған дұрыс.

Қазақстан басшысы ТМҰ-ға жетекшілік еткен жылдағы бастамалардың одан әрмен жалғасын тауып, міндеттердің жүйелі түрде орындалғанын қалайтынын байқатты. Қ.Тоқаевтың баяндамасындағы адам капиталын дамыту идеясын TURKTIME атауымен өткен саммитте еліміз ұсынған Knowledge бастамасының заңды жалғасы ретінде бағалауға болады. Ал қаржы-инвестиция саласындағы ынтымақтастықты тереңдету ұйымға мүше елдердің дамуына қажет бастама. Айталық, ұйым елдері арасындағы тауар айналымы 2023 жылдың

Қазақстан басшысы ұйым мүшелерінің өзара сауда айналымы 45 миллиард доллардан асып түскенін тілге тиек етті. Яғни, түркі мемлекеттерінің өзара тауар айналымы өте жылдам қарқынмен өсіп келеді деген сөз.

Мәселен, ТМҰ-ға мүше Өзбекстан Қазақстанның ірі сауда серіктестерінің біріне айналып, 2023 жылдың қорытындысы бойынша 7-орынға шықты. Қазір екі елдің арасындағы тауар айналымы 5 млрд доллардан асты. Мамандар бұл көрсеткіш жақын жылдарда 10 млрдқа жететінін болжап жүр. Түркиямен арадағы тауар айналымы 2023 жылы 6 млрд долларға жеткен. Әрі былтыр Түркия Қазақстанның сауда серіктестерінің тізімінде 5-орынға шығыпты. Қырғызстан мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы былтыр 1,6 млрд долларды құраған. Біздің пайымдауымызша, бұл көрсеткіш жыл өткен сайын ұлғая береді. Өйткені ТМҰ-ға мүше елдер ынты-

өзіміздің ортақ мүддемізді қорғаудың түрлі тетігін жетілдіру де маңызды. Бұл үрдіс Бішкек саммитінде де байқалды.

Айталық, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев күллі түркі әлеміне ортақ ақпарат кеңістігін қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті. Ақпараттық кеңістікке бас-көз болудың маңыздылығы геосаяси турбуленттілік кезінде тіптен күшейді. Ал әлемнің түрлі аймағында белгілі бір ақпараттық мүддені көздейтін платформалар қалыптасып үлгерді. Айталық, араб әлемінің ақпараттық кеңістігіне 1996 жылы енген Әл-Жазира телеарнасы, 2003 жылы қосылған Әл-Арабия телеарнасы таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағында белгілі бір көзқарас қалыптастыратын құралға айналған. Әрі бұл ресурстар араб әлеміне батыс медиасына балама ретінде танылды және түрлі мүдделі топтың мінберіне айналды. Түркі дүниесінде өзінде мұндай ортақ платформа қалыптаса қойған жоқ. Бірақ алғышарттар байқалады. Қазақстан Президенті кабельдік телеарналардың өзара хабар таратуын ұйымдастыру идеясын ұсыну арқылы тығыздықтан шығар жолды нұсқаған тәрізді.

Жалпы, ТМҰ-ның Бішкек саммитінде мемлекет басшыларының барлығы дерлік ұйымның алдағы даму бағыттарына қатысты ортақ пікірде екенін байқатты. Айталық, Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев ұйым аясында инвестициялық процестерді күшейту, көлік дәліздерін тиімді пайдалану қатарлы мәселелерге назар аударса, Қырғызстан басшысы Садыр Жапаров баяндамасында климат мәселесінің де өзекті екенін атап өтті. Ол өз сөзінде Қырғыз тауларындағы мұздықтардың 16%-ы соңғы 70 жылда жойылып кеткеніне назар аударды. 2100 жылға қарай Орталық Азия тауларындағы мұздықтардың тең жартысы еріп кетуі мүмкін. Бұл өз кезегінде су тапшылығын туындатары



күзінде 22 миллиард доллардан асқанын Қасым-Жомарт Кемелұлы Астанадағы саммитте атап өткен еді. Әрі ортақ талаптар бекітілсе, бұл көрсеткішті 1,5 есе ұлғайтуға болатынын айтқан. Ал биыл

мақтастығында экономика мен қаржы секторының орны бөлек. Ұйымға мүше елдердің басым көпшілігі құрылымның геосаяси кикілжіңдер кезінде қандай да бір тарапты жақтамауға мүдделі. Әрі

сөзсіз. Ташкент пен Бішкектің бұл ұстанымдары Қазақстан саясатымен де үндеседі. Яғни, Қазақстанның климат, көлік дәліздері, инвестициялық ахуалды жақсарту, халықаралық құқықтың, со-

ның ішінде БҰҰ нормаларының бұзылмауы мәселелеріне назар аударуы өңір мүддесіне сәйкес екенін білдірсе керек.

Сол сияқты Әзербайжан мен Түркия президенттері Оңтүстік Кавказда бейбітшілік орнатудың өзекті екеніне тоқталды. Ал Әзербайжан мен Армения арасында бейбіт келісімге қол қоюдың маңыздылығын Қазақстан ұдайы алға тартып келеді. Ресми Астананың бастамасымен жер дауын шеше қоймаған екі мемлекеттің сыртқы істер министрлері Алматыда келіссөз өткізген. БҰҰ жарғыларына сәйкес кез келген мемлекеттің аумақтық тұтастығының сақталуын Қ.Тоқаев үнемі жақтайды. Қақтығыстардың дипломатиялық амалдар арқылы тоқтатылғанын күп көреді. Ал Оңтүстік Кавказ тыныш болса, Орта дәліздің мүмкіндігі арта түседі. Мәселен, 2024 жылдың тоғыз айында ТМҰ-ға мүше және бақылаушы елдердің Орта дәліз немесе Әзербайжан жері арқылы тасымалданған жүгінің көлемі былтырғыдан 15%-ға көп болған. Демек, ТМҰ үшін де, Еуропа мен Азия үшін де Орта дәліздің салмағы артып келеді деген сөз.

Әрине, ТМҰ саммитінде өзге де пікірлер айтылды. Палестина-Израиль қақтығысы, Ауғанстан мәселесі тәрізді тақырыптар да қозғалды. Әрі ТМҰ-ға мүше әр мемлекет басшысы интеграциялық процестерге қатысты өз пайымын білдірді. Дегенмен ешкім басты ұстанымынан айныған жоқ. Өйткені ТМҰ бейбітшілікті жақтайтын, халықаралық құқық нормаларына қайшы әрекет етпейтін, мүшелерінің барлығы тең құқылы, бауырлас халықтардың елауқатын жақсартуға, оларды рухани-мәдени тұрғыда бір-біріне жақындастыра түсуді көздейтін құрылым. ТМҰ саяси немесе әскери блок емес. Ұйымның әр саммитінде саясаткерлердің пайымынан осы ұстанымды байқаймыз. Осы жолы да солай болды.

## ЖАҢА ҚҰЖАТ – ЖАҢА ДЕНГЕЙ

Түркі мемлекеттері ұйымының XI саммиті аясында 8 құжатқа қол қойылды. Былтыр өткен Астана саммитінде 12 құжат еді. Әрине, әр саммиттің өзіндік күн тәртібі, талқылайтын тақырыбы мен қабылдайтын құжаттары болады. Сондықтан құжаттардың саны емес, салмағы маңызды болатын тұстар кездеседі. Әрі келісілген құжаттар бұрынғыларды толықтырып тұруы да мүмкін. Бішкек саммиті барысында алдымен Түркі мемлекеттері ұйымы XI саммитінің декларациясы қабылданды. Сонымен бірге «Түркі әлемінің жасыл дамуы: орнықты келешектің бірлігі», Бішкек қаласын 2025 жылы Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық астанасы деп жариялау, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбанды «Түркі әлемінің ең жоғарғы орденімен» марапаттау, Түркі әлемінің хартиясын қабылдау туралы шешімдерге қол қойылды. Сонымен қатар Түркі мемлекеттері ұйымы Бас хатшысының орынбасарларын тағайындау туралы шешімге де мемлекет басшылары қол қойды. «Түркі мемлекеттері ұйымының Тұрақты өкілдері жөніндегі ереже» туралы, Түркі ынтымақтастығы ұйымдарының туы жөніндегі шешімдер қабылданды. Бұл құжаттар ТМҰ-ның қызметін жетілдіріп, салмақты құрылым ретінде іргесін бекемдей түсуге қызмет етері сөзсіз. Әр құжаттың өз міндеті бар.

Саммитте Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев сөз сөйледі.

Сондай-ақ Түркі елдерінің бірлігін күшейтуге қосқан елеулі үлесі үшін Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан «Түркі әлемінің ең жоғарғы орденімен» марапатталды.

## БОЧЧАДАН ФИНАЛҒА ШЫҚҚАН СПОРТШЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Парламент Сенатының Төрағасы, Қазақстан бочча федерациясының президенті Мәулен Әшімбаев боччадан ел кубогі жолындағы жарыстың жабылу рәсіміне қатысты. Сайыс 3-6 қараша күндері өтті. Оған еліміздің 14 өңірінен 86 параспортшы қатысты.

Мәулен Әшімбаев спортшыларға ілтипат білдіріп, жыл өткен сайын боччадан өтетін жарыстарға дайындық денгейі, оған қатысатын қатысушылар қатары және қолдау көрсететін жанкүйерлер саны артып келе жатқанын атап өтті. Мемлекет басшысы инклюзивті қоғам құру, сапалы білім мен спорттың баршаға бірдей қол-

жетімді болуын қамтамасыз ету мәселелеріне Әділетті Қазақстанның ажырамас бөлшегі ретінде баса мән беріп отыр.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Әділетті Қазақстан құру және тең мүмкіндіктер қоғамын қалыптастыру басты міндет екенін үнемі айтып келеді. Осы ретте боччаны дамыту инклюзия мәдениетін қалыптастырудың, қоғамда ынтымақтастық, бірлік, өзара көмек сияқты құндылықтарды орнықтырудың озық үлгісі екені сөзсіз. Қазіргі таңда елімізде боччаның қарқынды дамып, балалар мен ересектердің осы спорт түріне деген қызығушылығы артып келе жатқанын көріп отырмыз. Тек соңғы жылдың өзінде бочча үйірмелеріне келушілер қатары 20 пайызға көбейді. Аталған спорттың ауқымы да әрдайым кеңейіп келеді. Бұл жолы жарысқа 14 өңірден келген спортшылар қатысты. Алдағы уақытта осындай сайыстарға

еліміздің барлық өңірінен спортшылар келеді деп сенемін», — деді Қазақстан бочча федерациясының президенті.

Сонымен қатар ол бүгінде федерация тарапынан боччаны одан әрі дамыту үшін барлық бағытта жүйелі жұмыс жүргізіліп келе жатқанын тілге тиек етті. Бұл ретте өңірлерде филиал ашу, жаттықтырушылардың біліктілігін арттыру сияқты істердің маңызы зор. Бекітілген ережелерге сәйкес, 19 жаттықтырушы мен 3 төреші аттестаттаудан өткізілді. Осындай іргелі жұмыстың арқасында қазақстандық спортшылар халықаралық жарыстарда да жоғары нәтижелер көрсетіп жүр.

«Парижде өткен Паралимпиада ойындарында отандық спортшылар маңызды жетістіктерге қол жеткізді. Келесі Ойындарда боччадан Қазақстан құрамасы да жолдама алады деп сенеміз. Федерация осы мақсатқа жету үшін бар күш-жігерін



жұмсайды. Сіздер өздеріңіздің қажыр-қайраттарыңызбен өзгелерге үлгі болып, баршамызды қанаттандырып, мүмкін емес нәрсе жоқ екенін дәлелдеп келесіздер», — деп Мәулен Әшімбаев жарыстың өтуіне атсалысқан еріктілер — Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясының студенттеріне, сондай-ақ үлес қосқан барша азаматқа алғыс білдірді.

Боччадан Қазақстан кубогі жолындағы сайыстың нәтижесінде ересектер мен жасөспірімдер арасында төрт дәреже бойынша жеңімпаздар анықталып, марапатталды. Жалпыкомандалық есепте Астана қаласының командасы жеңіске жетті. Екінші орын Алматы қаласынан келген ұжымға бұйырса, үшінші Павлодар облысының спортшылары түйінді.



## ОБЪЕКТИВТІ СТАТИСТИКА ТИІМДІ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бір топ депутатпен бірге Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросына барып, жаңа цифрлық технологиялар арқылы статистикалық деректер қалыптастыру жұмысымен танысты.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде өзекті, ашық және сенімді статистикалық деректер ағымдағы жағдайды объективті бағалауға, сондай-ақ стратегиялық бағдарламалар мен жобалар әзірлеуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Жалпы, өңірлердің әлеуметтік-демографиялық жағдайындағы теңгерімсіздік, жастарды жұмыспен қамту және жас отбасыларды қолдау мәселелері елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы жолындағы маңызды бағыт екені анық. Сондықтан Мемлекет басшысы бұл салаға үнемі баса мән беріп келеді.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бізге Big Data-ны талдау және жасанды интеллектті пайдалану жөнінде нақты міндеттер жүктелді. Шын мәнінде, статистика — талдау жүргізу, болжам жасау және тиімді шешімдер қабылдаудың негізі. Өзекті, ашық, сенімді ақпарат стратегиялық бағдарламалар әзірлеуге және елдің орнықты дамуына оң әсер ететіні сөзсіз. Осы тұрғыда Сенат Ұлттық статистика бюросына қажетті заңнамалық қолдау көрсетуге дайын», — деп, Мәулен Әшімбаев саланы дамытуға қажетті жағдай жасаудың маңызды екенін тілге тиек етті.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы ашық және қолжетімді статистика қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін арттырып, халықаралық ұйымдармен және инвесторлармен қарым-қатынастарды нығайтуға оң әсер ететініне назар аударды. Мұндай жағдай елдің орнықты дамуына да ықпал етеді. Палата Спикері осыған байланысты статистика саласындағы жұмысты жетілдіру үшін жаңа тетіктерге, оның ішінде Big

Data-ға және зерттеу тәсіліне ерекше мән беру керек екенін айтты.

«Астана мен Алматыда зерттеуші кабинеттерінің ашылуы деректердің қолжетімділігін арттырудың озық үлгісі екені анық. Осыған байланысты қазақстандық және халықаралық зерттеушілер иесі көрсетілмеген деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік алып отыр. Бұл ғалымдармен және ғылыми ұйымдармен ынтымақтастықты нығайтады. Сондай-ақ ұзақмерзімді зерттеулер жүргізуге қажетті аналитикалық база қалыптастыруға ықпал етеді. Талдау технологиялары мен Big Data-ны белсенді енгізу де осы саладағы маңызды қадам екенін атап өткен жөн. Бүгінде біздің алдымызда жасанды интеллект көмегімен деректерді жинау және өңдеу әдістерін дамыту міндеті тұр. Деректердің ашық, объективті, жедел және толық болуын қамтамасыз ету — мемлекеттік статистика жүйесінің алдында тұрған маңызды міндет. Өйткені аталған деректер елдің одан әрі дамуына ықпал етеді», — деп, Мәулен Әшімбаев сапалы статистика Орнықты даму мақсаттарына жетудің негізгі тетіктерінің де бірі бола алатынына тоқталды.

Өз кезегінде Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Жандос Шаймарданов депутаттарға Агенттіктің алдағы кезеңге арналған жоспарлары мен жобалары туралы айтып берді. Одан бөлек, кездесу барысында Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасары Фархат Қалиев, «Ақпараттық-есептеу орталығы» РМҚ директорының бірінші орынбасары Сіркен Жаңабеков және тағы басқа сарапшылар баяндама жасап, сөз сөйледі.

## ШЫМКЕНТТЕ ТЕАТР ФЕСТИВАЛІ БАСТАЛДЫ

Үшінші мегаполисте Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық Академиялық қазақ драма театрының 95 жылдығына арналған Орталық Азия, түркітілдес мемлекеттер мен Қазақстанның кәсіби театр ұжымдары қатысқан Орталық Азия елдері театрларының халықаралық фестивалінің ашылу салтанаты өтті. Екі жылда бір рет өтетін бұл фестиваль — еліміздің ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңірінің мәдени өміріндегі елеулі оқиға.

**А Назгүл НАЗАРБЕК,**  
Шымкент қаласы

Салтанатты жиын Ж.Шанин театрының 95 жылдығына арнайы дайындалған бейнефильммен бастау алды. Фестивальдің ашылу салтанатына арнайы қатысқан Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков ақсарма тілегін білдірді.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған Фестивальде Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Қарақалпақстан, Татарстан, Әзербайжан және Қазақстанның таңдалуы театрлары өнер көрсетті. Шымкент қаласындағы өнер-сүйер қауым Әзербайжан мемлекеттік академиялық музыкалық театры, Ф.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры, Қырғызстан мемлекеттік «Учур» жастар театры, Өзбекстан «Дийдор» мемлекеттік жастар эксперименталды театр-студиясы, Бердак атындағы Қарақалпақ мемлекеттік академиялық музыкалық театры, Түркияның Алания қалалық театры, Самарканд облыстық музыкалық драма театры және Тукай атындағы «Әтнә» мемлекеттік татар драма театры

сахналаған қойылымдарды тамашалау мүмкіндігіне ие болып отыр.

Аталған өнер ұжымдары 6-11 қараша күндері Ж.Шанин атындағы Академиялық қазақ драма театры мен Шымкент қалалық орыс драма театрының сахналарында С.Қасымбектің «Атжалман ғасыр», Ш.Айтматовтың «Бетпе-бет», Х.Ниязидің «Сайқымазактардың ойыны», П.Сейидлидің «Киллерден телеграм», Ф.Мүсіреповтің «Ұлпан», Ш.Айтматовтың «Лувр үйірегі», Х.Эменгуэййдің «Шал мен теңіз», А.Навоидің «Ләйлі-Мәжнүн» және А.Гильзованың «Қар астындағы қайнар бұлақ» туындыларын көрермен назарына ұсынатын болады.

Сонымен қатар фестиваль аясында театр мамандарының шығармашылық әлеуеті мен кәсіби деңгейін жақсарту мақсатында «Шеберлік сабақтары» өткізіледі. Онда театр мамандары Е.Вахтангов атындағы театрдың режиссері, «Алтын масканы» бірнеше дүркін иегері Юрий Бутусовтың, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті Айгүл Наремгеновтың және театртанушы, Өзбекстан мемлекеттік музыкалық комедия театрының (опера) директоры Бури Ганиевтің шеберлік сабақтары ұйымдастырылады.

## БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар білім беру және баланың құқықтарын қорғау, сондай-ақ әскери-патриоттық тәрбие мәселелеріне қатысты заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады.



Білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелеріне қатысты түзетулер туралы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев баяндама жасады. Заң жобасына қосымша білім беру ұйымдарын хабардар ету тәртібі енгізіледі. Енді олар білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық басқармаларды өз қызметінің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлар етіп, рұқсат құжаттарын ұсынуы тиіс. Өзгерістер техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріне де қатысты болады.

— Бүгінде еңбек нарығының талаптарына жауап беретін мамандарды сапалы даярлауды іске асыру үшін колледждер жүйесіне онлайн-оқытуды енгізу ұсынылады. Бұл өзгеріс өндірістен қол үзбей кадрларды даярлау мәселесін шешуге бағытталған. Студенттерге оқу мен еңбек қызметін үйлестіре отырып, жеке бағдарламалар бойынша оқуға мүмкіндік беріледі. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне академиялық ұтқырлық қандаты енгізіледі. Ол студенттерге қазіргі уақытта қол жеткізе бермейтін озық инфрақұрылымды, жабдықтарын мен ресурстарын бар колледждерде оқуға жол ашады, — деді министр.

Түзетулерде мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында жекеменшік мектептерде оқытын әлеуметтік жағынан осал отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсету көзделген. Осылайша, білім беру ұйымдарының меншік нысанына қарамастан, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары санатындағы барлық мектеп оқушыларына бірдей көмек көрсету мақсатымен әкімдіктердің құзыреті кеңейеді.

Жұмыс тобының жетекшісі Айна Мысырәлімованың айтуынша, жобада жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қабылдаушы отбасыларға немесе мемлекеттік мекемелерге тағайындалғанға дейін бола алатын кәсіби қабылдаушы отбасының тұжырымдамасы заңдас-тырылған.

— Заң жобасы мұндай балаларды кәсіби қабылдаушы отбасыларға беру тәртібін реттейді. Кәсіби қабылдаушы тәрбиешілерді таңдау, оқыту және оларға сыйақы төлеу тетіктерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ осы отбасылар мен қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын уәкілетті органдар арасындағы өзара іс-қимыл нысандарын айқындайды, — деді Айна Мысырәлімова.

Баяндаманы тыңдаған депутаттар Үкіметтің жауапты мүшелеріне жобаның жеделденген нормалары бойынша сұрақтарын қойды. Талқылау қорытындысы бойынша, заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Түзетулерді одан әрі пысықтау жұмыс тобының отырыстарында жалғасады.

Жалпы отырыста Парламент депутаттары бастамашы болған әскери-патриоттық тәрбие мәселелері бойынша заң жобасы да бірінші оқылымда мақұлданды. Ол азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің бірыңғай жүйесін құруға және осы жұмысқа барлық мемлекеттік органды, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктерді тартуға бағытталған.

Заң жобасының авторы Айгүл Құспан түзетулер «әскери-патриоттық тәрбие» және «әскери-патриоттық тәрбие жүйесі» ұғымдарының мазмұнын заңнамалық тұрғыдан айқындайтынын айтты. Осы норма аясында республикалық және өңірлік деңгейлерде әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңестері құрылады.

— Заң жобасын қарау барысында депутаттар әскери-патриоттық тәрбиені жетілдіруге, әскери қызметтің беделі мен тартымдылығын арттыруға бағытталған бірқатар түзету ұсынды. Осыған байланысты заң жобасы мазмұндық жағынан да, тұжырымдамалық жағынан да біршама жақсарды, — деді Айгүл Құспан.

Жұмыс тобының жетекшісі Юлия Кучинская қосымша баяндамасында депутаттар заң жобасын қарау барысында азаматтарды әскери есепке алу және мерзімді әскери қызметке шақыруды жетілдіру, оның мерзімін кейінге қалдыру мен босатудың әділ жүйесін құруға қатысты түзетулер ұсынғанын атап өтті. Түзетулердің тағы бір бөлігі әскери міндеттілерді әскери даярлау және қайта даярлаумен қамтуды кеңейтуге бағытталған.

— Азаматтарға тұрғылықты жері бойынша ақылы негізде әскери дайындыққа қатысуы немесе курстық әскери дайындықтан өтуді таңдау мүмкіндігі беріледі. Оқу кезінде әскери міндеттілер әскери жиындарда өтетін барлық оқу курсынан өтеді, — деді Ю.Кучинская.

Сондай-ақ заң жобасында Мемлекет басшысының мерзімді әскери қызметтің беделін арттыру жөніндегі тапсырмаларын орындауға бағытталған өзгерістер қарастырылған. Атап айтқанда, әскерге шақырылуға жататын азаматтар медициналық комиссиядан өту кезінде олардың жұмыс орнын, лауазымы мен жалақысын сақтау ұсынылып отыр. Оқуын жалғастыру үшін кейінге қалдыруға құқығы бар, бірақ өз еркімен әскери қызметке шақырылған азаматтардың да оқу орны сақталады. Сондай-ақ мерзімді әскери қызметін өтеген, әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасқан азаматтар үшін мемлекеттік білім беру грантын өтеу міндетін алып тастау ұсынылған. Бұдан басқа да стандарттар әзірленді.

Сонымен қатар Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын жұмысқа қабылдады.

Депутат Дәулет Мұқаев Премьер-Министр Олжас Бектеновке жолдаған депутаттық сауалында квадробер атауымен белең алып жатқан субмәдениет жайлы мәселені көтерді. Адам болудан бас тартып, күнделікті өмірде өздерін жануарларға теңеп, төрт аяқтап жүріп, жануар кейпіндегі бетпердемен жүретін субмәдениет түрін еліміздегі балалар мен жасөспірімдерге тәніп тұрған қатер екенін түсіндірді.

«Мұндай оқиғалар көрші Ресей және Өзбекстан елдерінде тіркеліп үлгерді. Бұл бұл ма?! Әлеуметтік желілерде квадробер болуды үйрететін арнайы топтар, жабық арналар пайда болып, арнайы сабақтар да ұйымдастырылуда. Ал батыс елдерінде балалар сабақта сөйлеуден бас тартып, жануарша дыбыстауды шығарған. Бұл субмәдениет өкілдеріне арнап арнайы кештер ұйымдастырылатын болған. Сонымен қатар квадробер болуға қажетті заттарды сату жана бизнес көзіне айналып, интернетте жоғары бағада сатылуда. Ең қорқыныштысы, балалар бұл ойыннан психологиялық зардап шегіп, адам болудан қалады. Адамдық проблемалардан қашып, жануар болуға әбестенеді. Біз бұл мәселенің алдын алмасак, бірдей бір ұрпақтан айырылу алдында тұрмыз. Бала бойына адамдық

құндылық ұялатудың орнына, кері кету процесі алға шықты.

Әлем елдері дабыл қағып, балаларға ерекше көңіл бөлуге шақыруда. Балалардың бұл дүниеге қызығушылығын байқағанда, ата-аналарға атүсті қарамай, дереу әрекет етуді ескертуде. Бұл — тек ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның және мемлекеттің назар аударарлық мәселесі. Біз болып, сіз болып бұл мәселеге әлеуметтік және құқықтық тосқауыл жасап, әлеуметтік желілерді қатаң бақылауымыз қажет.

Бүгінде Ресейде бұл мәселе бойынша заң қабылдау талқыланса, өзбек халқы ата-анаға міндеттерін дұрыс орындамағаны үшін айыппұл салу мәселесі қолға алынған. Мұндай әлеуметтік трендтер жылдам етек алуына байланысты, шұғыл әрекеттерді талап етеді. Балаларымыздың болашағы мемлекет пен қоғамның жіті бақылауында болуы керек», — деді Д.Мұқаев.

Депутат өз кезегінде біздің елде де құзырды органдар бұл мәселені жан-жақты зерттеп, алдын алу шаралары бойынша кешенді шаралар қабылдауға тиіс екенін атап өтті.

Келесі депутат, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Абзал Құспан депутаттық сауалында Президент Жарлығымен 2021 жылы 15 қазанда бекітілген «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» елдің құқықтық жүйесін дамытуды көздейтін маңызды құжат екенін айта келіп, құжаттағы кей талаптардың қазіргі кезде орындалуы жеткіліксіз дәрежеде тұрғанына тоқталды.

«Кәсіпкерлерге қатысты тергеу жүргізу құқығы Қазақстанда бірнеше құқық қорғау органының құзыретінде. Атап айтқанда, арнайы прокурорлар, ішкі істер органдары, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Экономикалық қылмыстармен күрес агенттігі (КМА/АФМ), сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет (Антикор) бизнесті тергеуге қатысу өкілеттіліктеріне ие. Бұл құрылымдардың көптігі бизнесті қорғау саласындағы тәртіпті нығайтуға кедергі келтіреді.

Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес, бизнеске негізсіз жауапкершілік жүктеу мен тексерулерді азайту міндеті қойылған. Салық заңнамасының орындалуын қалағалау — салық органдарының тікелей міндеті. Бас мердігерлерді субмердігерлердің салық міндеттемелері үшін жауапкершілікке тарту әділетсіз және кәсіпкерлікке заңсыз қысым көрсетуге әкеледі», — деді депутат.

А.Құспан былтырдан бері әртүрлі кәсіп иелерінен түскен арыз-шағымдардың кейбіріне тоқталып, мұндай жағдайлар кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, жалпы аймақтағы әлеуметтік тұрақтылыққа да теріс әсер ететінін тілге тиек етті.

«Осы аталғандардың негізінде, Үкімет басшысынан кәсіпкерлерге қатысты тергеу жұмыстарын жүргізетін органдар санын қысқарту және салықтық тексерулерге қатысты бизнес субъектілердің жауапкершілік шегін анықтау бағытында нақты заңнамалық шаралар қабылдауды, ал Бас прокурордан Манғыстау өңіріндегі құқық қорғау органдарының өкілеттіктерін үйлестіру арқылы кәсіпкерлерді негізсіз қысымнан қорғау үшін шұғыл шаралар қабылдауды сұраймыз. Біздің алаңдаушылығымызды тудырып отырған істерді бөлек тізімде ұсынамыз», — деді А.Құспан.

7 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ

# ТАСҚЫННАН КЕЙІНГІ ТІРШІЛІК

Елімізде көктемгі су тасқынынан кейін тұрғын үй мен инфрақұрылымды қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда. Республика бойынша 9 мыңнан астам үй жөнделуден өтіп, баспанасыз қалған отбасыларға арналған 8,5 мыңнан аса жеке үй мен екінші деңгейлі нарықтан пәтер сатып алынды. Зардап шеккен аймақтардағы қалпына келтіру жұмыстарының алдын ала қорытындылары «AMANAT» партиясы жанындағы Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңестің отырысында талқыланды.



«AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі Мәслихат депутаттарының ІІ республикалық форумында су тасқынына қарсы жұмыстарға саяси партиялардың қосқан үлесін жоғары бағалағанын еске салды. Су тасқынынан зардап шеккендерге алғашқы болып көмек көрсетуге «AMANAT» партиясы атсалысып, барлық ресурстарды, соның ішінде депутаттық корпус, партия жақтастары мен «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділерін жұмылдырған болатын. Атап айтқанда, партияның бастамасымен және қолдауымен Атырау қаласында ұзындығы 20 шақырымнан асатын су тасқынына қарсы дамба салынды.

«Біз республикалық және аймақтық штабтарды құрдық, гуманитарлық көмек жинауды ұйымдастырып, оған мыңдаған волонтерлер мен партия мүшелерін тарттық. Нәтижесінде, су басқан өңірлерге шамамен 4 мың тонна азық-түлік, киім-кешек, гигиеналық заттар, құрылыс материалдары және басқа да қажетті заттар жіберілді. «Жастар Рухы» белсенділері мен еріктілерінің көмегі ерекше атап өткен жөн: олар 4 мыңнан астам адамды дамба орнатуға, тұрғындарға ыстық тамақ ұйымдастыруға және су басқан аймақтардан эвакуациялауға атсалысты. Су тасқыны кезінде біз тұрғындармен тек дескенде, олардың көпшілігі жатақханалар мен эвакуациялық пункттерге орналастырылған болатын. Енді жағдай жақсарып, зардап шеккендер өз үйлерін алуда», — деді ол.

«AMANAT»-тың сайлауалды бағдарламасында 52 гидротехникалық кешенді жөнделу, қайта құру және салу жұмыстары көзделген.

«Біз қалаларымыз бен ауылдарымыздың тұрғындарын маусымдық тасқындар мен су басу қаупінен қорғауымыз керек және гидротехникалық құрылыстар жүйесін ретке

келтіру қажет. Биылғы жылдың ақпан айында 2024-2030 жылдарға арналған су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы бекітілді, оған сәйкес елімізде 1 502 гидротехникалық құрылыс бар, олардың көпшілігі тозған және дер кезінде жаңғыртылмағандықтан жөнделуді қажет етеді. Атап айтқанда, Жем өзеніндегі тасқындардың алдын алу үшін Жылыой ауданында «Аралтөбе» су қоймасын салу, сондай-ақ Құлсары қаласында тазарту құрылыстары мен су құбырлары жүйесін салу мүмкіндігін қарастыру қажет», — деді ол.

Белгілі болғандай, көктемгі су тасқыны соңғы 80 жылдағы ең ірі табиғи апат болып, Қазақстанның айтарлықтай бөлігін камтыды. Елдің 10 облысының, 47 ауданының, 5 облыс орталығының және 224 елді мекеннің аумақтары зардап шекті. Индустрия және құрылыс вице-министрі Қуандық Каженовтің айтуынша, елімізде жалпы 11 987 тұрғын үй мен 5 616 саяжай учаскесі су астында қалған.

«Бүгінгі күні біз техникалық бағалау жүргізіп, 9 мыңнан астам үйді жөнделуге болатындығын анықтадық. Сонымен қатар жана үйлер салып, азаматтарды жайлы тұрғын үймен қамтамасыз ете бастадық. Қалпына келтіруге жатпайтын 8 447 үй бойынша қайталама нарықтан 5 767 үй мен пәтер сатып алынды. Сондай-ақ тиістік жоба бойынша 2 680 үйдің құрылысы аяқталды. Жаңа тұрғын үйлер салынатын орындарды таңдағанда, болашақта су басудың алдын алу мақсатында жер бедері мен ландшафт ескерілді», — деді ол.

Табиғи апаттан жеке тұлғалармен қатар кәсіпкерлік субъектілері де зардап шекті. Президенттің тапсырмасы бойынша Ұлттық экономика министрінің шағын және орта бизнес үшін мүліктік шығындарды өтеу ережелерін әзірледі.

«Өңірлік комиссиялар нақты шығынды бағалау үшін зардап шек-

кендердің тізімін жасақтауда. Комиссияларға 756 өтініш түсті, оның ішінде 694-і мақұлданып, жалпы сомасы 13,3 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Өтемақы тек жоғалған мүліктік құндылықтарды ғана емес, сонымен қатар қалпына келтіру жұмыстарына жұмсалған шығындарды да қамтиды. Бұл процесі үйлестіріп, зардап шеккендердің көмекті тез арада алуын қамтамасыз етуді жалғастырамыз», — деді Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Құдайбергенов.

Су тасқынымен күресте азаматтардың өмірін сақтап қалған және 500-ден астам елді мекенді су басудан қорғаған құтқарушылар шынайы ерлік көрсетті. Олардың өзара әрекеті мен жедел шаралары адамдардың өмірін сақтап қалып, қиын жағдайда қауіпсіздікті қамтамасыз етті. Дегенмен болашақта осындай апаттардың алдын алу үшін тұрақты дайындық қажет. Төтенше жағдайлар вице-министрі Ерлан Нұрпейісовтің айтуынша, қауіпті учаскелерде өзен арналарын нығайту және тазалау жұмыстары жүргізіліп, 275 шақырым қорғаныс дамбалары салынды және жөнделді, шамамен 100 шақырым дренаж жүйесі жөнделуден өтті. Сонымен қатар «Көктем—2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулары өткізіледі.

«Сындарлы сәтте жұрттымыз Президенттің басшылық етуімен жұмылып, батылдық пен бірлік танытты. Депутаттар алғашқы күндерден-ақ оқиға орнында болып, қажетті ресурстарды жедел жұмылдырылуына ықпал етті. Енді біздің ортақ міндетіміз — баспанасыз қалған өз отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету, кәсіпкерлерге шығынды өтеу, жол-көлік инфрақұрылымын ретке келтіру. Бұл жұмысқа партия мүшелері орталықта да, жергілікті жерлерде де қатысуға тиіс», — деп түйіндеді Берік Бейсенғалиев.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

«AMANAT» партиясы жанындағы Экономика, цифрландыру және инновацияларды дамыту мәселелері жөніндегі республикалық кеңесте импортты алмастыру және отандық тауар өндірушілерді қолдау мәселелері талқыланды. Күн тәртібінде сертификаттау жүйесінің қазақстандық өндірушілердің нақты қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі, шикізаттық емес экспорт туралы деректердің статистикалық көрсеткіштері және мемлекеттік қолдау саясатындағы қайшылықтар мәселесі қаралды.

Кенес отырысында қазақстандық өндірушілер ескірген сертификаттау ережелерінің жергілікті компаниялардың мемлекеттік қолдауға қол жеткізуіне шектеу қоятынын айтты. Қатысушылар сертификаттау мен қазақстандық өнімді тану тәсілдерін қайта қарауды және нақты өндірушілерге кедергі келтіретін бюрократиялық кедергілерді жеңілдетуді талап етті.

Кенес төрағасы, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляеваның айтуынша, отандық тауар өндірушілердің сенімді тізілімінің болмауы — басты мәселелердің бірі екенін атап өтті, осының салдарынан нақты өндірушілердің барлығы бірдей қолдау ала алмай отыр.

«Бізге қолдауға кедергі келтіретін ескірген сертификаттау жүйесі бар, ал кей-

бір компаниялар қазақстандық тауарлар мәртебесін алу үшін сертификаттармен манипуляция жасайды. Жаңа тізімді бұл оқылықтарды жойып, жергілікті мазмұн үлесін объективті бағалауға, таза жүйе құруға және мемлекеттік қолдауды шынайы қажеттілікке бағыттауға көмектеседі. Қазақстандық өнім мәртебесінің артында ел ішінде нақты өндіріс тұрғанына кепілдік беру қажет», — деп атап өтті ол.

Сонымен қатар Екатерина Смышляева кейбір салаларда өзін-өзі реттеуді қолдады, әсіресе мемлекеттік реттеуді азайту жағдайында бұл маңызды шешім болмақ. Оның айтуынша, өзін-өзі реттейтін ұйымдар стандарттарды сақтауда маңызды рөл атқара алады. Деректер кезінде сапа мен стандарттарға сәйкестікті бақылау

функцияларының бір бөлігін салалық қауымдастықтар өз мойнына алса, бұл бизнестің дамуына және тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді.

Саясаттанушы Данияр Әшімбаев шикізаттық емес экспорт туралы статистикалық деректерді қайта қарау қажеттілігі туралы айтты. Ол көптеген есептер шын мәнінде қазақстандық өнімді қамтымайтын тауарларды және реэкспортты қосу арқылы өндіріс көлемі туралы бұрмаланған көрініс беретінін атап өтті.

«Шикізаттық емес экспорттың өсуін көрсететін сандарды көргенде, осы экспорттың бір бөлігі тек Қазақстан шекарасын кесіп өткен, отандық өндіріске қатысу жоқ тауарлар екенін түсіну маңызды. Импорт алмастырудың шынайы жағдайын және өндеу өнеркәсібінің экономикаға қосқан үлесін түсіну үшін біз нақты қазақстандық өнімді бөліп көрсетуіміз және көрсеткіштерді пайызбен емес, нақты сандармен жариялауымыз керек», — деп түсіндірді ол.

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова импортты алмастыруда оң өзгерістер бар екенін айтты, мақсатты қолдаудың қажеттілігін мойындады.



«AMANAT»-тың Партиялық бақылау комитетінің отырысында еліміздегі балаларға, сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар бүлдіршіндерге қосымша білім беру сапасы мен қолжетімділігі туралы мәселе көтерілді. Комитет ғимараттардың тапшылығына, педагогтердің еңбекақысының төмендігіне, мемлекеттік стандарттардың жоқтығына, балалардың, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың, әсіресе ауылдық жерлерде білім беру қызметтеріне шектеулі қолжетімділігіне ерекше назар аударды.

## БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА МӘН БЕРСЕК

«Бүгінгі таңда мектеп оқушыларының 81%-ы қосымша біліммен қамтылған. Биыл бұл көрсеткішті 86,3%-ға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз, бірақ 100%-ға жету үшін ауыл мектептеріндегі инфрақұрылым мәселесін шешу қажет. Қазіргі уақытта ауыл мектептерінде 304 қауымдастық орталығы салынды, бірақ көптеген өңірлер ғимарат жетіспеушілігімен және олардың талаптарға сай еместігімен бетпе-бет келуде», — деді Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан.

Ол басты міндет ретінде, әсіресе шалғай ауылдарда балалардың білім алуға тең мүмкіндіктерге қол жеткізуі керектігін, оған қосымша қаржыландыру және жергілікті органдар тарапынан қолдау қажет екенін атап өтті.

Комитет төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцев шектеулі қаржыландыру мен педагогтерді қолдаудың әлсіздігі жағдайында білім саланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету қиын екенін айтты.

«Біз балалар сарайлары мен орталықтарын саламыз, бірақ тиісті қолдау болмаса, олар бос қалады. Педагогтердің жалақысын көтермей және оларға лайықты жұмыс жағдайларын жасамай, қосымша білім беру саласына білікті мамандарды тарту мүмкін емес. Бұл — орналасқан жері мен денсаулық жағдайына қарамастан барлық балалар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге тиісті жүйе. Біз осындай жағдай жасауды өзмізге міндет деп білеміз», — деді ол.

Комитет мүшесі Рамазан Сарпекоев ерекше қажеттіліктері бар балалардың қосымша білім алу мәселесіне жеке тоқталды. Ол бұл балалардың мемлекеттік бағдарламалардан тыс қалып жатқанын, оларға ерекше қолдау қажет екенін айтты.

«Бұл балалар ерекше дарынға ие, алайда олар мемлекеттік қосымша білім беру жүйесінен жиі тыс қалып жатады. Біз олардың спорт, музыка және зияткерлік ойындардағы жетістіктерін көреміз, бірақ инфрақұрылым мен қолдаудың жоқтығынан бұл балалар үлкен қиындықтарға тап болуда. Олардың мүмкіндігін ескеруіміз қалдырмай, толыққанды дамуға барлық қажетті жағдайларды жасауымыз керек», — деді ол.

Астана қалалық Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Мирас Шекенов балалардың ескі ғимараттарда оқып жатқан жағдайын сынға алды. Ол елордада кейбір оқушылардың қосымша сабақтары сапасы сын көтерімдігін орындарда өтетінін айтты.

«Біздің балалар Астана мәртебесіне сай емес жағдайда оқып жатыр. Мысалы, музыка

мектебінің оқушылары вокалдың жанындағы қонақүйдің алтыншы қабатында дайындалуға мәжбүр. Бұл олардың білім алуы үшін қауіпсіз әрі қолайлы емес», — деп атап өтті ол.

Сонымен қатар Мирас Шекенов педагогтердің мәртебесін төмендетуге әкелген аттестаттау үрдісіне алаңдаушылық білдірді. Ол мұндай шаралардың қосымша білім беру жүйесінің негізі саналатын мұғалімдерді ынталандырудан гөрі, керісінше, жігерін құм қылатынын айтты.

Комитет мүшесі, Мәжіліс депутаты Нұржан Әшімбаев мердігерлер бетпе-бет келіп отырған тендерлердің ашық еместігіне назар аударды. Ол әлеуметтік нысандарды салу тендерлерінде бағаның төмендеуі кейіннен қаржы тапшылығына және құрылыс жұмыстарының тоқтауына алып келетінін айтты.

«Павлодар облысында Мәдениет үйін салу жобасы бойынша сметалық құны басында-ақ төмен бағада көрсетілген. Мердігер бөлінген қаражаттың жетіспеушілігін түсінсе де, өтінім берді. Нәтижесінде, нысан бітпей қалды, ал бөлінген қаражат босқа кетіп жатыр. Бұл тиімсіз және азаматтардың ашуын тудыратыны хақ», — деді ол.

Комитет төрағасының орынбасары Майра Айсина қосымша білім беру педагогтері азаматтық қызметші болғандықтан, оларға «Педагог мәртебесі туралы» заңның әсер етпейтінін атап өтті. Айсина олардың құқықтық мәртебесін қайта қарауға, қосымша жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктер беру қажеттігін алға тартты. Ал Комитет мүшесі Ануар Ильясова қосымша білім беру педагогтеріне өз қызметін бағалау үшін нақты өдістемелік негіздер мен стандарттар қажет екенін айтты.

Отырыстың соңында «AMANAT» партиясының Партиялық бақылау комитетінің мүшелері орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға мектептер мен қосымша білім беру мекемелерін жаңғырту бойынша мониторингті күшейтуді, әсіресе ауылдық жерлерде, проблемалы нысандарда партиялық бақылау бекеттерін құруды ұсынды. Сондай-ақ аймақтық партиялық бақылау комиссияларының педагогтер мен жұртшылықтың қатысуымен ашық талқылаулар үшін көшпелі отырыстарын өткізу жоспарланған. Сонымен қатар қосымша білім берудің маңыздылығы мен қолжетімді мүмкіндіктері туралы балалар мен ата-аналардың хабардарлығын арттыру бойынша ағартушылық жұмыстар жүргізілетін болады.

«Біз шикізаттық емес тауарлар экспортының 33%-ға өскенін, сондай-ақ машина жасау және тоқыма сияқты салаларда импорттың азайғанын көріп отырмыз. Бұл жетістіктерді қазақстандық өндірушілерге тұрақты қолдау көрсету арқылы нығайту маңызды. Өндірісті ұлғайтумен қатар, ел ішінде қосылған құн тізбегін құру және экономикаға нақты үлес қосып, импортты алмастыра алатын өндірістерді қолдау қажет», — деді ол.

Экономист Қуаныш Жайықов кейбір саланы қолдауға жасалған әрекеттердің басқа салаларға қиындық тудыруы мүмкін екенін атап өтті. Ол бизнесті қорғап қалу үшін тиімді және біркелкі реттеу әдістерін қолдану қажеттігін айтты.

«Салалардың өзара байланысына аяқ астынан араласуға жол бермеуіміз керек. Мысалы, экспортқа шектеу немесе сауда сөрелеріне қойылатын талаптар біртіндеп енгізілуге тиіс. Кез келген реттеу шаралары бизнестің бейімделу қажеттілігін ескеруі керек. Оған уақыт пен қаражат қажет. Біздің кәсіпорындар импорт алмастыруды қолдауға дайын, бірақ күрт өзгерістер өндірісті дамытуға кедергі келтіреді, қаржылық жүктеме мен ұйымдастырушылық қиындықтар тудырады», — деді ол.

Индустрия және құрылыс министрілігіне қарасты Индустрия комитетінің төрағасы Азамат Панбаев отандық өндірушілерді ішкі нарықта тұрақты сұраныспен қамтамасыз

ету және локализация деңгейін арттыруға бағытталған шаралар туралы хабарлады. Ол Үкімет бюджет есебінен объектілерді салу кезінде қазақстандық тауарларды қолдануға басымдық беретін шараларды енгізіп жатқанын және бұл шаралардың өнеркәсіптік өндірісті дамытуға және импортқа тәуелсіздікті азайтуға ынталандыруы тиіс екенін атап өтті.

«Біз отандық тауарлардың мемлекеттік сатып алуға басымдықта ие болуы үшін жағдай жасаймыз, бұл біздің өнеркәсібіміздің тұрақты дамуы үшін маңызды. 4000-нан астам ұзақмерзімді келісім-шарт қазақстандық кәсіпорындармен жасалды, бұл тұрақты сұранысты қалыптастыруға және локализацияны ынталандыруға мүмкіндік береді», — деді ол.

Отырыстың қорытындысын түйіндеп келе, кенес төрағасы бұл өзгерістер экономикалық өсуге, әсіресе шикізаттық экономикадан дайын өнім өндірісіне көшу жағдайына әсер етуі мүмкін екенін атап өтті. Оның айтуынша, қайта өңделген өнім жұмыс орындарын құру және отандық бизнесті нығайтудың негізі болып табылады, дәл осы өндірістер тұрақты дамуды қамтамасыз етеді. Екатерина Смышляева сонымен қатар мемлекет алдында тұрған басты міндет — қазақстандық өндірушілерге қолдау көрсетіп, оларды мемлекеттің серіктесі ретінде қабылдайтын «ыңғайлы жүйе» құру екенін қосты.

## НАРЫҚ

7 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ

Мемлекет басшысы биылғы халыққа Жолдауында Үкіметке Жаңаөзендегі, Қашағандағы және Қарашығанақтағы газ өңдеу кәсіпорындарының құрылысын тездетуді тапсырған.

### А Кәмила ЕРКІН

«Осы саланы табысты дамыту үшін инвестицияның қайтарымын қамтамасыз ететін пәрменді ынталандыру шараларын қысқа мерзімде қабылдау, соның ішінде ақылға сыйымды тарифтер мен көтерме бағаларды белгілеу керек. Газ кеніштеріне геологиялық барлау жасау үшін жаңа инвестиция тарту тұрғысынан алғанда бұл шаралар өте маңызды. Әйтпесе, экономиканы қажетті көлемде газбен қамтамасыз ету мүмкін емес», — деді Президент. Себебі соңғы жылдары геологиялық барлау ісіне тартылған инвестиция көлемі азайып барады. Мысалы, 2013 жылғы салаға құйылған қаражат 1,2 млрд доллар болса, былтыр оның көлемі 4 есеге жуық қысқарып, 320 млн долларға жеткен. Бұл туралы Астанада өткен Dialogue Investment Forum бизнес-форумында KAZENERGY қауымдастығының бас директоры Жандос Нұрмағанбетов атап өтті.

Жиында таза энергетикаға жаһандық көшу жағдайындағы отандық мұнай-газ саласының болашағы талқыланды. «Қазақстанның мұнай-газ саласындағы инвестициялық мүмкіндіктері» панельдік сессиясында мұнай-газ секторының өкілдері еліміздің көмірсутек секторындағы артықшылығын экономикалық өсу драйверіне айналдыру жолдары туралы пікір алмасты.

Сарапшылардың сөзінше, саланы жаңғырту үшін геологиялық барлауға инвестицияны арттырып, мемлекет пен бизнес мүдделері арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет. Соңғы жиырма жыл ішінде Қазақстанның мұнай-газ саласына ондаған миллиард доллар инвестиция құйылған. Соның арқасында еліміз бүгінде мұнай өндіруші держава мәртебесіне ие болып отыр.

Жиында сөз алған Президент кеңесшісі Болат Ақшолоқов қолайлы инвестициялық ахуал жасау үшін мемлекет пен инвесторлардың мүдделері арасындағы тепе-теңгерімді табуын маңыздылығы туралы былай деді: «Біз әлеуметтік аспектіні, яғни



## ТЕГЕУРІНГЕ ТӨЗІМДІ САЛА

табиғи ресурстардан түсетін кірістерді әділ бөлу мәселесін қатаң ескеруіміз керек, өйткені жер қойнауы халыққа тиесілі».

Сонымен қатар ол белсенді геологиялық барлаудың жоктығы мен ресурстық базаның нығаймауы болашақта ресурс тапшылығына әкелуі мүмкін екенін атап өтті. Б.Ақшолоқовтың айтуынша, экономиканың көптеген саласы әлі де мұнай химиясына тәуелді. Сондай-ақ мұнай-газ саласын трансформациялау және осы сала үшін тұрақты инвестициялық ахуал құру қажеттігі туралы сөз етті.

Ол индустрия климаттық сын-қатерлердің әсерінен өзгерістерге ұшырап жатқанын және Қазақстан 2060 жылға қарай көміртегі саласындағы бейтараптыққа ұмтылатынын атап өтті. Әрине, бұл күрделі шешім мемлекет пен инвестор мүдделері арасындағы тепе-теңдікті сақтауды талап етері анық.

«Конституция бойынша жер қойнауы халыққа тиесілі. Біз осы жобалардың кірістерін инвестор мен мемлекет арасында әділ бөлу сияқты әлеуметтік

«**Бүгінде Қазақстанда өндірілетін 100 миллион тонна мұнайдың бестен бір бөлігін ғана пайдаланады, ал қалған 80%-ы экспортқа жұмсалады.**

аспектілерді ескеруіміз керек. Бұл үшін жергілікті жеткізушілер мен өндірісті қолдап, дамыту қажет. Инвестициялық климат үшін де оның әсері мол. Тағы бір маңызды аспект — барланған мұнай қорын құру. Егер бүгін геологиялық барлаумен, активтердің өсуімен айналыспасак, ресурстық базаның тапшылығына кез

болуымыз мүмкін. Ал тұрақты қорлар ірі зауыттар мен кәсіпорындар үшін маңызды», — деді кеңесші.

Бүгінде Қазақстанда өндірілетін 100 миллион тонна мұнайдың бестен бір бөлігін ғана пайдаланады, ал қалған 80%-ы экспортқа жұмсалады. Оның айтуынша, егер көмірсутек шикізатын экспорттайтын нарықтар жасыл энергияға жылдам бет бұрса, біздің отандық пайдалы-қазба ресурстарына деген сұраныстың төмендеуі кауіп бар.

— Жалпы қоса есептегенде, елімізде өндіретін ресурстардың қоры 70 миллиард тоннадан асады. Бұл қазіргіден 10 есе көп. Бірақ оны игеру үшін, ең алдымен, мұқият геологиялық барлау жүргізу қажет. Екіншіден, бұл ресурстарды қайда және қашан бағыттау керектігін анықтау маңызды. Егер нарық оларды жақын арада қабылдауға дайын болмаса, біз барлау жұмыстарын жүргізіп, бұл қорларды болашақта сұраныс жоғары болатын кезеге дейін сақтай аламыз, — дейді Б.Ақшолоқов.

Ал Dasco Group басқарушы серіктесі Дармен Сәдуақасовтың пікірінше, әлемдік нарықта мұнай-газ өнеркәсібінің қарқынды жақын арада бәсеңдемеі емес.

«Бүгінде тұтынушылар арасында электрлі көліктердің танымалдығы арта түсуде. Бұл, әрине мұнай өндірушілерге, оның ішінде Қазақстан үшін де белгілі бір деңгейде қауіпті. Дегенмен мұнай-газ-химия өнеркәсібі көмірсутекті тұтыну көрсет-

кішімен салыстырғанда серпінді түрде алға жылжиды. Мұнай-газ саласы тірі организм секілді сын-тегеуріндерге жауап береді және бейімделеді. Сондықтан әлемдегі мұнай-газдың ролі ұзақ уақыт бойы жоғары болып қала бермек», — дейді ол.

KAZENERGY қауымдастығының бас директоры Жандос Нұрмағанбетовтың айтуынша, геологиялық барлауға жұмсалатын қаражат негізінен қолданыстағы жобалардың қосымша барлау ұңғымаларына бағытталды. «Жаңа ашылулардың болмауы алаңдаушылық туғызатыны анық. Біз бұл бағытта дамуға инвестиция салмаймыз және бұл мұнай өндірудің төмендеуіне әкелуі мүмкін», — деді спикер.

Оның айтуынша, 2023 жылы өндірілген 89,9 млн тонна мұнайдың 60 млн тоннасы Қашаған, Қарашығанақ және теңізге тиесілі. Сондай-ақ тәуелсіз компаниялар бүгінде өндіру көлемін айтарлықтай азайтқан. Ж.Нұрмағанбетов мұны осы ұйымдардың ішкі нарыққа мұнайды төмен бағамен жеткізу бойынша міндеттемелерімен байланыстырады. Бұл оларға дамуға инвестиция салуға — жаңа оқаскелер сатып алуға және зерттеулер жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Мұнай-газ өткеннің еншісіндегі өндіріс деу — жансақ пікір, бұл — болашақта да көп мүмкіндік ұсынбақ. Бүгінде еліміздің мұнай-газ секторы экономиканың қозғаушы күші болып отыр. Мысалы, 2023 жылы ЖІӨ-дегі мұнай-газдың жалпы қосылған құнының үлесі 16,2%, ал шығарылған өнім құны 20,14 трлн теңгені құрады. Ал 2024 жылы 95,4 млн тонна мұнай және 60 млрд текше метр газ өндіру жоспарланған. Оның едәуір бөлігі экспортқа жұмсалады. Дегенмен ұзақмерзімді перспективада өңделген өнім үлесін ұлғайту мен дайын мұнай өнімдерін сатуға басымдық беру қажеттілігі азайған емес.

KAZENERGY бас директоры Жандос Нұрмағанбетовтың айтуынша, Қазақстанның мұнай өндіру әлеуетін толыққанды іске асыру үшін еліміздегі өндіру деңгейін арттыруға және қосымша шетелдік және ішкі инвестицияларды тартуға мүмкіндік беретін перспективалы бағыттарды дамыту аса маңызды.

«Ол үшін, ең алдымен, мұнай өндіруді арттыру мақсатында жаңа технологияларды енгізу, дәстүрлі емес көмірсутектерді барлау және өндіру, қорларды 300-500 мың тоннаға дейінгі оқшауланған кен орындарын игеруге тарту, мұнай-газ химиясы өндірістерін дамыту және мұнай және мұнай өнімдері нарықтарын либералдан-дыру қажет», — деді сарапшы.

## ШАРУАЛАР НЕГЕ ШЫРЫЛДАЙДЫ?

Тәтті түбір төңірегіндегі түйткіл шешілер емес. Осыдан екі жеті бұрын еңбек адамдарын шырылдатқан мәселе бүгінде Сенат мінберіне жетіп отыр. Нақтырақ айтсақ, сенатор Сәкен Арубаев қант қызылшасын өткізе алмай жүрген дикандардың жанайқайын Ауыл шаруашылығы министрлігіне жеткізіп, сауалын төтесінен қойды. Бұқараның базанысы орынды екенін тілге тиек етіп, «министрлік келтірген сандар сандырақ» деп сын тезіне алды.

### А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Сенатор Сәкен Қаланұлының сөзіне сүйенсек, Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан Жамбыл мен Жетісу облыстарына қант қызылшасы алқабын екі есеге ұлғайту туралы тапсырма түскен екен. Нәтижесінде, екі өңір де биыл бекітілген жемені артығымен орындаған. Алайда шаруалар жинаған өнімнің қайда өткізерін білмей шырыл қағуда. Оған себеп — қант зауыттарының тәтті түбірді қабылд ауға қуаттылығының жетпеуі.

— Биыл екі облыстың шаруалары 1 млн 200 мың тонна өнім бергенді отыр. Алайда оны қабылдауға қант зауыттарымыз қауқарсыз. Неге зауыттардың мүмкіндігін ескермей, министрлік мұндай көлемдегі қант қызылшасын егуге тапсырма берген? Оған қоса, екі өңірдің шаруаларына берілуге тиіс 30 миллиард субсидияның бүгінде 1 тиваны да бөлінген жоқ. Мұны сонда қалай түсінуге болады? Ертен жауапкершілікті кім мойнына алады? — деп сенатор министрлікке сауалын жолдады.

Өз кезегінде Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков барлық жағдай бақылауда екеніне сендіруге тырысты.

— Қазір еліміздегі үш қант зауыты 900 мың тонна қант қызылшасын қабылдауға



қауқарлы болып тұр. Оның 400 мың тоннасы «Меркі қант зауытына» өткізіледі. Артылған 300 мың тоннаның 100-150 мың тоннасын Қырғызстан еліне жөнелтсек деп жоспарлап отырмыз. Тәтті түбірді қабылдап, өңдеу келер жылдың наурыз айына дейін жүргізіледі, — деген вице-министр 100-150 мың тонна өнім Қырғыз еліне жіберілгенімен, қалған тағы 150 мың тонна қайда өткізілетіне қатысты анық ақпарат бере алмай кібірткітеді. Сондай-ақ Ербол Қуанышұлы жауапкершілік жүгіне қатысты да жауаптан жалтарып, «ол мәселені қарау әлі ерте» деумен шектелді.

Алайда сенатор Сәкен Арубаев: «Меркі қант зауыты 200-250 мың тонна ғана өнім қабылдауға қауқарлы. Сіз 400 мың тонна өнімді қайдан шығарып отырсыз?» деп вице-министрді тағы тығырыққа тіреді. Ербол Тасжүреков бұл сауалға да тұщымды жауап бере алмады.

Иә, осылайша биік мінбердегі тұлғалар текетіресіп жатқанда, Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев те құр жатпап, Меркі ауданына ат ізін салды. Ербол Шырақпайұлы шаруалармен тілдесіп, ұзын-сонар кезек мәселесін шешу үшін қант зауыты жанынан қосымша қызылша қабылдайтын екі алаң құру туралы тапсырмасын берді. Сондай-ақ «Меркі қант зауыты» жауапкершілігі шектеулі

серіктестігіне мемлекет тарапынан жеңілдетілген несие берілмек. Өндіріс ошағы бұл қаржы арқылы шаруалар алдындағы берешегін өтейді деп көзделуде. Оның ішінде, қабылдаған қант қызылшасы үшін 15 теңге, 100 шақырымнан астам қашақтықта орналасқан шаруаларға тасымалдау шығындары үшін 3 теңгеден беріледі.

Әрине, бұл тығырықтан шығатын жолдың бірі болуы мүмкін. Алайда негізгі мәселе қайда? Не себепті өнімді өткеруде қиындықтар туындауда? Оның басты себебі — биыл «Тараз қант зауыты» тәтті түбір қабылдауды тоқтатқаны анық. Егер облыс орталығындағы зауыт қант қызылшасын қабылдағанда мұндай қиындықтар туындамаса па еді? Сонда кәсіпорын дәл науқанда неге жұмыс істемей отыр?

Ұзынқұлаққа сенсек, «Тараз қант зауыты» сатылып кеткен көрінеді. Сондықтан ресейлік қожайындар қант қызылшасынан гөрі, шетелден қант құрағын алдыруды жөн көрген. Бұл мәселені анық-қанығына көз жеткізу үшін зауыт директоры Александр Шлегельге қанша хабарласқанымызбен онымен байланыса алмадық. Алайда көптің көкейінде жүрген сауалдың жауабын облыс әкімдігі Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының басшысы Аспандияр Сейсебаев берді.

— Бұрын қарқынды жұмыс істеп келген қант зауыттарында ара-тұра ірікілістер болып тұрады. Бұл кәсіпорынның жұмысына кері әсер ететіні анық. Қазір Тараз қаласында қант бағасы 350 теңге болса, Меркі ауданында 320 теңгеден саудалануда. Ал Ресей мемлекетінен қант 290 теңгеге келіп, сатылып жатыр. Бұл жағдай жергілікті зауыттардың өнімдерін өткеруіне салқынын тигізуде. Зауыттың жұмысы қай кезде ретке келеді? Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстан мемлекеттерінің нарығында қант бағасының келісі 400 теңгеге тұрақтағанда. Қазір облыстағы екі зауыт та шығынмен жұмыс істеп жатыр. Әзірге «Тараз қант зауыты» сатылған жоқ. Қиындықтарға қарамастан облыс орталығындағы кәсіпорын жұмысшыларына тұрақты айлығын беріп отыр. Сол себепті зауыт басшылығына алғысымды білдіргім келеді. Бұйырса бұл қиындықтардан да өтерміз, — дейді басқарма басшысы.

Бір анығы, биыл «Тараз қант зауыты» іске қосылмайды. Жұмыс істегеннің өзінде тәтті түбір қабылдамайтыны анық. Себебі бұған дейін де зауыт сырттан қант құрағын алып, содан қант өндіруді күп көретін. Жылда аз мөлшерде қызылша қабылдап, өңір өндірісіне үлесін қосқандай болатын. Ал кәсіпорын келіп тұрған тәтті түбірді неге қабылдауға құлықсыз емес десеніз, қант қызылшасынан қалатын қалдық көп. Ал шетелден келетін қант құрағынан шығын шықпайды. Толықтай қантқа айналдыруға болады. Сондықтан «Тараз қант зауыты» байырдан қант құрағымен жұмыс істегенді жөн көретін кәсіпорын. Сол себепті «Тараз

құрылғылары талан-таражға түсіп, 7 мың адамға жұмыс көзі болған зауыттың қазір орны ғана жатыр. Ауыл ақсақалдары осы жерге жана зауыт бой көтерсе деген тілектерін жеткізуде.

— Қазір аудандағы шаруалар жинаған қызылшасын Меркі ауданына жүк көлікпен тасуда. «КамАЗ» көлігінің бір тасымалы 100 мың теңге тұрады. Оған тағы кететін жол шығындарын қосыңыз. Сонда дикан «Меркі қант зауытына» барып келемін дегенше әжептәуір шығынға батады. Егер Үкімет Шу ауданынан қант зауытын салып берсе, біз өнімді үш-төрт есе көбейтер едік. Бұған дүнген ұлтының дикандары да жең түре кірісуге дайын тұр. Тек өнімді өткеруде қиындық болмаса болды.

Кеңес одағы кезінде бір ғана «Жаңа-жол» кеншірі 1000 гектарға дейін қызылша өсірген. Нәтижесінде, дикандардың бірнешеуі Социалистік Еңбек Ері атанды. Міне, осы дәуірді қайта әкелу үшін бізге қант зауыты керек. Егер ауданнан қант зауыты ашылып жатса, қарапайым тұрғындардың өзі есік алдындағы 25 соток жерге тәтті түбір егетіні анық, — дейді аудан ақсакалы Жапарқұл Тәжиев.

Расында, биыл Шу ауданының шаруалары 1030 гектарға қант қызылшасын егіп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстарға биылғы жылы ауылдық округтер ерекше белсенділік танытқан. Егер ауданнан зауыт салынып жатса, дикандар өнім көлемін еселеуге белді бекем бууда.

Әрине, зауыт салу оңай шаруа емес. Алайда Шу ауданынан құрылған «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағындағы бір инвестициялық жо-

«**Расында, биыл Шу ауданының шаруалары 1030 гектарға қант қызылшасын егіп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстарға биылғы жылы ауылдық округтер ерекше белсенділік танытқан. Егер ауданнан зауыт салынып жатса, дикандар өнім көлемін еселеуге белді бекем бууда.**

қант зауыты» тәтті түбір қабылдайды деп сенім артпасақ та болады.

Сонда мұндай жағдайда қайтпек керек? Жарайды биыл жиналған тәтті түбірді «Меркі қант зауытына», одан қалса Қырғыз еліне тасып өйтеуір өткерерміз. Ал келер жылды дәл осындай мол өнім жиналса қайтеміз? Бұл түйткілдің түйінін тарқтау үшін облысқа заманауи қант зауытын салу керек. Ол кәсіпорынның орнына шырайлы Шу өңірі сұранып тұр. Рас, осыдан біраз жыл бұрын Шу ауданынан жана қант зауытын салу туралы бастама көтерілген еді. Оған қоса, аталған елді мекенде Кеңестік кезеңде қант зауыты болған. Алайда жекешелендіру кезінде

баны неге осы бағытқа бағыттамасқа? Салынған қаржысы еселеніп қайтатын жобаға инвестор да қарсылық таныта қоймас. Енді тек дипломатиялық жолмен демеушілерді тарту керек. Сол кезде шаруалар да шырылдамай, билік те бас қатырмай қант қызылшасын еселеп өндіретін күн туар.

Дана қазақта «Жапалақты таспен ұрсаң да жапалақ өледі, жапалақты тасқа ұрсаң да жапалақ өледі» деген тәмсіл бар. Яғни, тәтті түбір төңірегіндегі түйткілден шаруалар ғана жапа шегіп жатқаны анық. Міне, осы жағдайды билік мінберіндегілер жүзі назарға алып, қант қызылшасына қатысты мәселені оңтайлы шешіп береді деген сенім мол.

## ПАРАСАТ

7 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ

Ол ылғи асығып-үсігіп жүреді. Тез-тез сөйлейді. Әйтеуір шаруасы бітпейді. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Мұратбек Тоқтағазин – осындай талантты шәкірттеріміздің бірі.

Өзімен кіші адамдар, әлбетте, ылғи жас, бала болып көрінеді. Бала демекші, осы сөз өзіме қатты ұнайды. Қазақтың атакты классик-жазушысы, Еңбек Ері, кеше ғана 100-ге толған торкалы тойы атап өтілген Әбе, Әбдіжәміл Нұрпейісов аға-досым кейде мені бала деп еркелететін. Иығымнан қағатын. Әбенің «бала» деген сол сөзі, енді сағынышка айналып, жүрегімде сайрап тұр.

Бала деп еркелететін Мұратбек Тоқтағазин інім де 60-қа толды. «Уәке-аға» дейді үнемі. Бала Мұратбектің зырылдауықтай осы күйіп-пісіп жүретін мінезіне тәнті боламын. «Ананы былай, мынаны олай істеу керек» деп шыр-пыр болып жүріп, көп шаруалар бітіреді. Табиғи мінезі өзіне жарасымды, ұстаз тұлғаға айналды.

Мұратбектің біршама курстастарын жақсы білемін. Біразымен қызметтес болдым. Олар Мұратбек өмірінің әркілі сәттерін айтып, мақтап отыратын.

...1981 жылы Мұратбек Тоқтағазин Шығыста мектеп бітіріп, арман қала Алматыға жол тартады. Максат – біреу, журналист болу. Романтикаға толы асқақ тастүйін кезі.

«Үш» алдың – үмітің үзілді деген сөз. Ол «СССР тарихы» пәнінен емтихан тапсыру кезінде «3» қойылатынына қарсы болып, апелляциялық комиссияға жүгінеді. Өзінің барлық сұрақтарға өте дұрыс жауап бергеніне сенімді болады. Бала Мұратбек бірінші рет әділетсіздіктің бар екенін сезінді.

Апелляциялық комиссия төрағасы, профессор, тарих ғылымдарының докторы Уахит Шәлекенов кездеспегенде кім білсін? Жолы болмай, өкініп кетер ме еді? Бірақ комиссия «бес» қойды. Әділдік жеңді. Ол шындықтың барына сенді.

Студент бола жүріп, газет-журналдарда мақалалары жиі жарияланып жүрді. Диплом жетекшісі, атакты профессор Тауман Амандосов еді. Жақсы оқыған шәкіртті кім қолдамасын? Тауман Амандосов оған аспирантураға түсуге кенес берді.

Мұратбек арман қуып, Ақмолаға жол тартты. Облыстық «Коммунизм нұры» газетіне қызметке тұрды. Осы газетте редактордың бірінші орынбасары болған Жомарт Әбдіхалықовтың журналистік мектебінен өтті. Өндіре жазды.



## ТҰЛҒАҒА АЙНАЛҒАН ТОҚТАҒАЗИН

Облыстық газетте екі айда бір рет тұтас номерін алып шығатын «Өркен» қосымшасына басшылық жасады. Комсомол жастардың қоғамдық өміріне белсене араласалды.

Осы бір деректер Мұратбек Тоқтағазин екеуміздің журналистік тағдырымыздағы сабақтастықтай көрінеді. Өйткені мен де журналистік қызметімді Алматы облыстық «Жетісу» газетінде бастап едім. 1972-1978 жылдары ай сайын «Жас түлек» жастар бетін шығарып тұрдым. Қоғам жұмысына тартылдым. Облыстық комсомол комитетінің мүшесі болып сайландым. Съезге делегат болып қатыстым.

Міне, Мұратбек те қаламы жүйрік жас журналист ретінде облыстық газетте жарқ етіп көрінді. Облыстық комсомол комитетінің бюро мүшесі болды. Халық депутаттары Целиноград калалық Кеңесіне депутат болып сайланды. Ол кезде бар болғаны 25 жаста еді. Азаматтық пен депутаттық үйлесім тапқан кезде, адамның рухы өседі, ұлтжандылығы айқын көрінеді. Күні кешегі Целиноград қаласының атауын өзгертіп, ежелгі Ақмола атауын қайтаруға белсене араласты.

Депутат Мұратбек Тоқтағазин сессияда мәселе қойып, арнайы комиссия құруды ұсынды. Санадағы сілкініс коммунистік жүйенің мығым идеологиясының қыспағына қарамастан, ұлттық рух ойна бастаған сәт еді. Әрі Целиноград ұлттық құрамы жағынан өзге ұлттың еншісінде болатын. Депутаттардың



**Мұратбек арман қуып, Ақмолаға жол тартты. Облыстық «Коммунизм нұры» газетіне қызметке тұрды. Осы газетте редактордың бірінші орынбасары болған Жомарт Әбдіхалықовтың журналистік мектебінен өтті. Өндіре жазды.**

ұлттық құрамы да сол цифрды айғақтайтын. Ашығын айтсақ, депутаттардың 80 пайызы орыс тілділер екен.

Тілі бөлектің – ділі бөлек. Бірден түсіністік табу оңай емес. Бірақ журналист Мұратбек Тоқтағазин үшін бұл қақпақыл тұста шындық тіреуі болды.

Депутат Мұратбек Ресейге Нижний Новгородқа іссапармен барды. Ол кезде Ресейде Нижнейді қайта Горький атына қайтару жөнінде саяси-қоғамдық науқан жүріп жатты. Экономикалық шығындардың бәрін есептей келе, ол депутаттарға шынайы цифрды жеткізді. Қала атауын өзгерткенде бюджеттен 8 миллион емес, бар болғаны 800 мың сом жұмсалатынын бұлтартпайтын айғақтармен дәлелдеді.

Өзі қызмет істейтін «Социалистік Қазақстан» газетінде «Ақмола атауы үшін айқас» атты проблемалық мақала жариялады. Қоғамдық пікір оттай шарпылды. Республиканың бас газетіне 2 000-нан астам қолдау хаттар мен пікірлер түседі. Міне, ұлттық бірегейлік осы тұста айқын көрініп еді. Халық депутат-

тары Целиноград облыстық Кеңесінің төрағасы А.Браун бұдан әрі шокпен ойнауға, халық рухымен ойнауға болмайтынын түсінді.

А.Браун Алматыға, Республикалық Ономастика комиссиясына, Жоғарғы Кеңес Президиумына ұсыныс хаттар жолдауға мәжбүр болды.

Шындық жеңді, газет жеңді, журналист Мұратбек Тоқтағазин жеңді. Қалаға Ақмола атауы қайтарылды.

Тұлғаны тану үшін осы дәйектер мен дәлелдер жеткілікті болар. Қоғам өзгерді, жана заман келді. Тәуелсіздік туы көтерілді.

Мемлекет астанасы Ақмолаға көшетін болды. Тоғыз жолдың торабында тұрған Ақмолаға көшу үшін «Егемен Қазақстан» газеті де дайындала бастады. Осы газеттің Бас редакторы кезім еді. Мұратбек Тоқтағазинді газеттің Ақмола облыстық тілшілер қосынының жетекшісі етіп бекіттім. Сол кездегі газеттің бірінші орынбасары Ержұман Смайыл Мұратбектің ұйымдастырушылық, адами қасиеті туралы жақсы пікірлер айтты.

жақсы білетін едім. Оның үстіне, Қуаныш Алпысбековпен бірге ХІІІ шақырылған Жоғарғы Кеңестің депутаты да болғанмын.

«Егемен Қазақстан» газеті атынан Ж.Кәрібжановқа арнайы хат жазып, газет редакциясын Елордаға көшіру үшін ғимарат сұрадым. Өтінішіміз қолдау тапты. Жәнібек Кәрібжанов осы істі тікелей қадағалауды өзінің бірінші орынбасары Қуаныш Алпысбековке тапсырды. Халық депутаттары Ақмола калалық Кеңесінің төрағасы, қала әкімі Аманжол Бөлекбаев екеуі сол кездегі Победа көшесіндегі тұрғын үйдің бірінші астындағы аумақты орында ұсынды. Мұратбек екеуміз көріп шықтық, орталықта. Бірақ тұрғын үйдің асты ыңғайсыздау көрінді.

– Уәке-аға, Целиноград аудандық партия комитеті облыс аумағына көшіріліп жатыр. Әкім досыңызға кіріп, осы ғимаратты алып қалсаңызшы, – деді Мұратбек.

Бұл ұсыныс көкейіме қона кетті. Ақпаратты болу қандай жақсы. Мұратбекті алып, қайтадан облыс басшысына келдім. Қуаныш Алпысбековті көндіріп, үшеуміз Жәнібек Кәрібжановтың кабинетіне кірдік. Мән-жайды түсіндірдік.

– Дұрыс ұсыныс екен. Ұлттың бас газетіне бұл ғимарат таптырмайтын орын болады. Өзінің жер көлемі де аумақты. Өзің секілді дос келгенде мұны «Егемен Қазақстан» газетіне қалай қиямыз, – деді Ж.Кәрібжанов.

Келісілген ғимаратты енді не істейміз? – деді ол орынбасарына қарап.

Сөзге араласуға тура келді.

– Жәке, сол ғимаратты біздің тағы бір үлкен ұлттық басылымымыз – «Қазақстанская правда» газетіне берсеңіз қалай болар екен? – дедім.

– Ұлтымыздың екі бас басылымын алапайық. Қала әкімі Аманжол Бөлекбаевқа тапсырамын, – деді Жәнібек Кәрібжанов, қолымды қысып.

Иә, осылай шешім қабылданды. Қол қойылды. Бірақ мұның бәрін рәсімдеу, талай-талай мекемелердің қолын алу сияқты толып жатқан құжаттарды реттеу сияқты іс-шаралар көп екен. Соның бәрін тынбай, зыр жүгіріп жүріп Мұратбек Тоқтағазин орындап шықты.

...Мен 60-қа келгенде, Шераған, Шерхан Мұртаза: – Уәкем, 60-ты бір күнге бере тұршы, – деп еді.

– Шәке, менің алпысымды қайтесіз? Қасымызда елдегілер мен қырықтағылар толып жүр ғой.

– Әй, Уәкем-ай, 60 деген өзіңнен кейінгілермен де, өзіңнің алдындағылармен де тең жер алатын «хитрый» жас қой, – деген еді.

«Хитрый» жасың құтты болсын, Мұратбек!

Білімнен, ғылымнан, қаламынан, табиғи таза мінезіңнен ұзақ жаса, жақсы інім!

Уәлихан ҚАЛИЖАН,

ҚР ҰҒА академигі,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

## ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚҰЛДЫРАТПАУ – ҚОЛЫМЫЗДА

Астанадағы Бибігүл Төлегенова атындағы креативті мектепте Unknownkzак talks жобасының кезекті отырысы өтті. Басқосуда әр саланың мамандары, қоғамға белгілі азаматтар тың ойын ортаға салды.

**Сымбат БЕГІМБАЙ**

Бұл жолы жиынға «Орыстандыру», «Қонаев дәуірі» деректі фильмдерінің авторы, журналист, документалист Әлия Әшім, «Сенімен болашақ» РҚБ негізін қалаушы, меценат, кәсіпкер Нұркен Асанов, QazBilim group компаниясының басқарма төрағасы, педагог Аятжан Ахметжан, Qalan Publishing директоры, IT маманы, аудармашы, автор және саяхатшы Садық Шерімбек қатысты. Қоғамға танымал азаматтарды көруге, тыңдауға жастар жиналды.

Нұркен Асановтың құндылықтар жөнінде пікірін айтты. Оның айтуынша, құндылықтар – болашағымыздың кепілі. Өз тәжірибесінде кәсіпкер құндылықтарды үшке бөлетінін түсіндірді: ұлттық құндылықтар, адами құндылықтар және ғылыми құндылықтар.

«Сондықтан жастар, сіздер ғылыммен, біліммен айналысып жатырсыздар. Қазір бағы бардың шабатын заманы емес, талабы бардың заманы. Дүниені өзімізбен үйлестірсек, өркениетке өзімізді жетелемесек, дүниені жақсы оқи алмасак, тілді дамытпасақ онда біз қазақпыз деп көкірек ұрудың қажеті жоқ. Қазақ қашан қазақ болады? Бабы

мен бағы үйлескен кезде. Таудай талап бармақтай баққа ешқандай құл болмайды. Екіншіден, кім болсақ та адам боп қалайық. Бүгінгі күн – қиялымызды, армандарымызды амалға айналдыратын уақыт. Ұлттық құндылықтар – Әнұранымыз, отансүйгіштігіміз, мемлекетшіл рухымыз, тарихи тәліміміз, осылай кете береміз. Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын құрал – тіл. Ал осындай ұлттық құндылықтардың жаны да, тәні де, рухы да, қаны да, энергиясы да – наным-сенімдеріміз бен салт-дәстүріміз, мәдениетіміз, – дейді ол.

Нұркен Асановтың пайымдауынша, рухани құндылықтар – бір-бірімізге бауырмалдығымыз, кішіпейілдігіміз, үлкенге – құрмет, кішіге – ізетіміз. Оны қазақ, орыс, қытай деп бөлудің қажеті жоғын айтып, бәрін ортақ дүние деп есептейтінін жеткізді.

Кәсіпкер сонымен қатар адами құндылықтардың болмысы мен кепілі – ұлттық құндылықтар екенін айтты. Ұлттық құндылықтарымызды тұғырына қондыру үшін адами құндылықтарды бойымызға сіңіруіміз керек деп санады.

«Ғылыми құндылықтар деген не? Олар – білім, ғылым, тарих пен әдебиетіміз. Аталған үш құндылық болмайынша миссия да, өзінді табу да бұл қоғамда



қиын. Әрине, өтірікті шындай, шындықты Құдай ұрғандай айтып жүрген қоғамдамыз. Неге? Қазір қоғамда 3 типті адам бар. Біріншісі – не боларын білмей жүргендер. Мәшһүр Жүсіптің «Атайын» десең ан емес, сояйын десең мал емес адамдар көп» деп айтқаны бар. Екіншісі – кез келген ортаға бейімделетін, кез келген ортада табылатын, бірақ кемеде капитаны жоқ адамдар. Үшіншісі, өздеріңіз секілді жексенбінің таңында ұйқыны қиып, рухымызды оятайық, өзімізді дамытайық, құндылықтарымызды дәріптейік деп жүрген принциптері бар, құндылықтарын бойына сіңірген жандар. Жок емес, бірақ аз», – дейді ол.

Ал Әлия Әшім әйел теңдігі тақырыбы әлі де өзекті екенін айтады. Тарихта әйелдердің терен білім алуына қарсылықтың ресми екенін мысалға ала отырып, қазақтың жанкешті қыздары туралы тың деректер келтірді.

«ХІХ ғасырдың ортасына дейін әйелдер гимназияларды тек орта білім алатын. Әйелдерге арналған оқу орындарында қолөнер, ән, би, үй шаруасын дұрыс жүргізу оқытылды. Енді қазақ қыздары қандай болды? Нәзіпа Құлжанова – мектепке дейінгі тәрбиенің, педагогиканың негізін қалаған адам. Мен ол кісінің ана мен бала тәрбиесі туралы методикалық еңбегін оқып таңғалдым. Гүлсім Асфендиярова – Санжар Асфендияровтың әпкесі. Ол – Санкт-Петербурда әйелдер медициналық институтында оқыған қазақ қызы. Орта Азиядан шыққан түрлі ұлт өкілдерінің арасынан жоғары білім алған алғашқы қазақ қызы. Санжар Асфендияров «Айналамдағылар түсінбейді, «не үшін қызыңды оқытасың?» деп сұрап жатады» дейді екен. Кейіннен автобиографиясында бұл құбылыстың өзгергенін түсіндіреді. Ол қызын институтта оқытқаннан кейін өзі сияқты артынан

ерген замандастарының көбейгенін жазып таңғалады екен. Гүлсім Асфендиярова Хиуа калалық ауруханасында аудан тарихында алғаш рет кесарь тілігін жасады. Қазақ әйелдердің есімдері мектеп бағдарламасында болмаса, бұл олардың жоқ екенін білдірмейді. Оларды білуіміз керек. Қазіргі уақытта Qazaqstan ұлттық телеарнасы үшін екі циклды деректі фильм жасадық. Бірі – алғашқы дәрігерлер, екіншісі – алғашқы ағартушы әйелдер», – деді Ә.Әшім.

Жиынға келген спикерлер келгендердің сұрағына жауап беріп, көрерменмен ой алмасты. Педагог Аятжан Ахметжан қазақ тілі, ұлттық мектеп мәселесін көтеріп, бірқатар өзекті тақырыптың мазмұнын ашып берді.

«Мектеп бағдарламасындағы «Тәрбие сағаты» пәнінің рөлі бүгінде үлкен маңызға ие емес. Алғашқы бір сағатында бала тәрбиеленуі мүмкін емес. Яғни, бала тәрбиеленуі десек, әр сабақта оны қолға алуымыз керек. Мысалы, математика пәні мұғалімі баланы ыждаһаттылыққа, тарих пәні мұғалімі патриоттыққа, әдебиет пәні мұғалімі баланың эстетикалық өресін дамытуға тәрбиелесін. Міне, әр сабақтың өзінде тәрбие жатыр. Одан бөлек, әр жаңа оқу жылының қарсаңында баланың қазақ не орыс сыныбына баруы өзекті тақырыпқа айналады. Бұл мәселемен 5-6 жылдың шамасында айналысып жүрмің. Ата-ананың ең көп келтіретін аргументі – «Баламның тілі орысша шықты». Ата-ана қазақша сөйлесе, неге баланың тілі өзге тілде шығады? Енді өз отбасында тәрбиеленіп, баланың тілі басқа тілде шыққан ұлт тәуелсіз бе? Мұндайда тәуелсіздік, тіл үшін күрескен ата-бабаның еңбегі зая кетті ме деп ойланасын», – дейді Аятжан Ахметжан.

Ал Садық Шерімбек жарты әлемді аралағаннан кейін Қазақстанның көшкісі келгенін, десе де, өңірлерді аралаған соң ел мен жердің қадірін түсінгенін жеткізді.

# ТҮРКІСТАНДАҒЫ ОҢ ІСТЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында Парламенттің құзыреті мен қызметі қайта қаралғанын, депутаттардың рөлі едәуір күшейгенін атап өткен болатын. «Реформаларымыз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделді. Бұл қағида – мемлекетіміздің басты тірегі» деп атап өтті Президент.

Ықпалды Парламент құрауы маңызды шешімнің бірі – Жоғары аудиторлық палата төрағасының Мәжіліс депутаттары алдында жылына екі рет есеп беруі енгізілгендігі. Бұл жанашилдық Мәжілістің мәртебесін арттырып қана қоймай, республикалық бюджеттің сапалы орындалуына бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Паламенті Мәжілісінің Түркістан облысынан сайланған депутаты Қайрат Балабаев «Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» құру бастамасы саяси, әлеуметтік, экономикалық реформаларды жүзеге асыруда депутаттарға жауапкершілік жүктейді. Парламент есеп беретін Үкімет қалыптасуына ықпал етуге тиіс. Сол сияқты Парламент те, Үкімет те, атқарушы билік те халық үніне құлақ асатын мемлекет қалыптастыруға күш салуы қажет. Сонда Әділетті Қазақстан құрылады», – дейді.

Мәжіліс депутаты мандат иелерінің демалыс кездерінде де қарап отырмайтын, бекітілген кестеге сай аудандарды аралап, үміт артқан халықтың ортасында жиі болатынын айтады. Парламент үйінің өзінде халықпен жиі қоғамдық қабылдау өткізіп, сайлаушылармен кездесу кезінде көтерілген мәселелер төңірегінде депутат-



тық сауалдар жолдап, оның тиімді шешілуіне барынша ықпал етеді. Тұрғындармен кездесу барысында Парламентте кездесіп жатқан заңдарға ұсыныс жинап, ал қабылданған заң нормаларын түсіндіру шараларын атқарып келеді. «Шын мәнінде, депутаттың бір күні бос емес. Парламент заң шығарушы орган болғандықтан, қарауға қабылданған құжаттармен жұмыс істейміз», – дейді Қайрат Рахымұлы.

Сондай-ақ Қайрат Рахымұлы Парламент мінберінде Түркістан облысында мектеп, ауызу, жол мәселесін көтеріп, мәселенің оң шешімін табуына ықпал етті. Өңірдегі 15 аудан, 2 қалада 117 мектеп күрделі жөнделуді, ал апатты жағдайдағы 40 білім ордасы жанадан салуды талап етеді. Осынау мәселе бойынша депутаттық сауал жолдаудың нәтижесінде республикалық бюджеттен облысқа 344 млрд 600 млн теңге бөлінді. Бұл қаржыға 2024-2025 жылдар аралығында 63 мектеп пайдалануға беріледі деп күтілуде. Сол сияқты су да, су жүйелері де жоқ 124 елді мекенде жүз мыңнан аса адам сапалы ауызсуға зәру. Осы 124 ауылға су жеткізу үшін Үкіметке депутаттық сауал жолдап, 2023-2025-жылдары 113 елді мекенге ауызсу жүргізіліп, бұдан басқа 204 ауылда ескірген су құбырлары жанартылатыны жайлы жауап алған.

Мәжіліс депутаты екі сессияда 50-ге жуық депутаттық сауал жолдапты. Мәселен, былтыр Семей орманы өртенгенде төтенше жағдайлардың алдын алуға болатын бірқатар ұсыныс берсе, араға жыл салып жеті аймақты су басқанда қосымша тағы ұсыныс енгізді. Онда салаға заманауи өрт сөндіру техникасы, навигация, қар мен жанбыр суын игеретін ирригациялық жүйелер мен каналдар жасау сияқты мәселелер шешілуге тиіс дүниелер бар. Бұдан бөлек, отандық фармацевтика, шұлық және ет өндірісін, мақта кластерін реттеу әрі қолдау бойынша сауал жолданған.

«Мақташылардың жыры жылда қайталана бермеу үшін мақта өскенше берілетін субсидияны оны өңдеуге де бөледі сұрадым. Мемлекеттік қолдау болмағандықтан жалпы өңдеу ісі оңалмай келеді. Саланы саралай келе, Үкіметке ауыл шаруашылығын дамыту жоспарын терең талдау, жүйелі зерттеулер жүргізіп, өзгертулер енгізуді Министрлік жанынан ауыл шаруашылығын дамытуды талқылайтын әрі жетілдіру жолдарын қарастыратын ғалымдар мен мамандардан, кәсіпкерлер мен шаруалардан, сарапшылардан құралған кеңес құруды ұсындым. Сонымен қатар әкімдіктерден ауыл шаруашылығының жауапкершілігін алып тастауды,

ауыл шаруашылығының аумақтық инспекциясының құзыретін кеңейтіп, құрылымдауды, ірілі-ұсақты ауыл шаруашылығына бағытталған кәсіпкерлікті қолдауды және бюрократиялық қысымдардан қорғауды және субсидиялау тәртібін жетілдіруді, қайта өңдеу ісін субсидиялауды да ұсынған болатынмын. Президент тапсырмасына сәйкес әр өңірдің географиялық ерекшелігіне қарай даму картасын бекітуді, ауылдарды жайылымдық жерлермен қамтамасыз етуді, тері, жүн қабылдау пункттерін ауылдық округтерде ашуды, асылтұқымды мал тұқымын бұданастыруды жолға қоюды, таза тұқым, тыңайтқыштар, жемшөп даярлауға ғалымдарды жұмылдыруды, мал шаруашылықтарына қажетті ветеринар мамандарын бекітуді, оларды мардымды жалақымен қамтамасыз етуді де маңызды деп санаймын. Сондай-ақ келендік рәсімдерді жеңілдетуді ұсынамын. Себебі салаға қатысты арызшағым да, талап-тілек те маусым сайын көбейеді. Президент ауыл шаруашылығын субсидиялауды 2 триллионға жеткізгенімен, көзделген жерге жетпей жатыр. Жылда өнім өсірушілер егіннің орып алғанымен, сата алмай қиындыққа тап болады. Егер өңдеу ісі жаппай қолдау тауып жолға қойылса, еңбек зия кетпес еді», – дейді Мәжіліс депутаты Қайрат Балабаев.

Түркістан облысында күркетауық етін өңдеуде көш бастап тұрған «Ордабасы құс» ЖШС екені белгілі. Кәсіпорын жылына 10 мың тонна ет және DAMDI ET сауда белгісімен күркетауық етін 100-ден аса өнім түрін дайындайды. Оның 70 пайызы шетелдерге экспортталады. Сондай-ақ өз өндірісінің қажеттілігіне жарайтын құрама жем де өңдейді. Өзге де кәсіпорындарға құрама жем ұсынуға да мүмкіндіктері бар. Депутат импортты алмастыру үшін құрама жемнің қатарына жүгеріні қосу керектігін айтады. Алайда осы 100 түрлі өнім шығарып, 240 адамды жұмыспен қамтып отырған фабрика ауылшаруашылық тауарын өндірушілердің тізіміне енбей қалған. «Қазақстанда күркетауық өсірумен де, өнімдерін өндірумен айналысатындар саусақпен санарлық

емес пе? Салығын төлеп, ішкі-сыртқы нарықты сапалы өніммен қамтамасыз етіп отырған серіктестіктің тізімде болмауына қалай түсінуге болады? Салдарынан, «Ордабасы құс» ЖШС мемлекеттік қолдауға қол жеткізе алмай келеді. Ал бұл шикізаттың қымбаттауына, тиісінше сыртқы нарықта өнім бағасының арзандығына, ал Қазақстан нарығында шетелдік сапасыз еттің көбеюіне әкеп соғуда. «Ордабасы құс» ЖШС-ына қалыптасқан жағдайды негізге алып, Үкіметке ауылшаруашылығының басты дақылы саналатын жүгерінің пайдаланатындарды субсидияланатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізбесіне енгізуді сұрадым», – дейді тағы бірде мандат иесі.

Мәжіліс депутатының Үкіметтен Түркістан облысының газдалмаған елді мекендердегі 450 мың халықтың тұрмыстық қажеттіліктерін өтеу үшін және заңда көзделген қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау, өрт пен жарылыстың алдын алу мақсатында газ баллондарды аккредиттелген мекемелерде тұтынып газбен толтыру; газ баллондарын сұтаныушыларға жеткізу мақсатында арнайы жабдықталған автокөліктер қызметін жандандыру бойынша тиісті іс-шаралар қабылдауды; өңірлердегі газ ташылығын шұғыл шешуді, автогаз бекеттеріне тексеру тағайындауды; газ текбен жүретін көліктерді газбен қамтамасыз етуді қарастыру жөнінде депутаттық сауалы да бар.

Сондай-ақ балаларды балабақшамен қамту және ваучерлік қаржыландыру механизміне көшіру бойынша пилоттық жобаның шикіліктерін реттеу үшін бұл жобаны Үкіметтен уақытша тоқтатуды сұраған. Мандат иесі Парламент қабырғасында атқарылып жатқан жұмыстар бойынша өзінің жеке әлеуметтік желі парақшасында сайлаушыларды хабардар етіп, халыққа керекті заң жобалары Мәжілістің қарауына қабылданғанда, жұртшылықты таныстырып, өздерінің ұсыныс-пікірлерін білуге тырыстындығын жеткізді. Парламент заң шығарушы орган болғандықтан, заң жобаларын да депутаттар әзірлеуге тиіс.

Бүгінде ықпалды Парламент қағидаты осылайша өз денгейінде жүзеге асып келеді. Оны елмен етене араласып, халық үніне құлақ асып, есеп беріп жүрген депутаттарды көргенде анық байқауға болады.



## ПАРЛАМЕНТ ПӘРМЕНИ...

Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына көшті. Парламенттің рөлі мен мәртебесі күшейді. Нәтижесінде, Парламенттік мінберде халық пен биліктің алтын көпірі болған депутаттардың сөзі өтімді болды.

Парламент Мәжілісіне Түркістан облысынан сайланған Темір Қырықбаев жуырда Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғаринге мақта шаруашылығын дамыту және мақта бағасының тұрақсыздығына қатысты депутаттық сауал жолдады. Онда қазір Түркістан өңірінде мақта шаруашылығында 25 мың агроқұрылым бар, онда Жетісай, Мақтаарал, Шардара, Сауран, Ордабасы, Арыс, Отырар, Бөйдібек, Келес аудандарының тұрғындары жұмыс істейді, яғни 70 мыңға жуық адам осы мақта арқылы күн көріп отыр. Елімізде тоқыма және тігін өнеркәсібі дұрыс жолға қойылмағандықтан, шитті мақтаны сату бағасы экспортқа тәуелді болуда. Сол себепті Түркістан өңірінде мақта бағасының тұрақсыздығы егемендігімізді алған жылдан бері еш шешілмей келеді. Бұл мәселе бойынша дикандар Үкімет үйіне, Парламент қабырғасына, Ауыл шаруашылық министрлігіне талай

рет барды, алайда мәселенің шешімі табылар емес, екенін атап өтті Мәжіліс депутаты.

Бүгінде биржа индексі 84,5 бірлікті құрап отыр, теңге бағасына шаққанда тоннасы 238 мың теңгені құрайды. Мақта нарығына шетелдік компаниялардың (трейдерлік) қызығушылықтарының төмендігінен, шитті мақтаны қабылдау бағасы биыл тоннасына 150-190 мың теңгеге болжамдалған. Мәселен, басқа мемлекеттерде өндірілген өнімнің сатылым бағасындағы шығынның айырмашылығы мемлекет есебінен төленіп отыр. Осы тәжірибені біздің мемлекетімізде мақта дақылын өсіріп жинаумен айналысатын шаруаларға енгізіп, мақтаға жұмсалған шығынды мақта бағасындағы айырмашылығын мемлекет есебінен төлеп отыруды қолданысқа енгізу қажет деп санайды Темір Базарбайұлы.

Сонымен қатар Түркістан өңірінде мақта өңдеу зауыттары өндірістік шығын-

дарды төмендетіп, өнімді сатып алу құнын ұлғайту бойынша Мақта өңдеу зауыттарына электр энергиясын көтерме бағада сату жөнінде өз ұсыныстарын білдірді. Мақта зауыттары алдыңғы жылдары 1 квт пайдаланылған электр энергиясына – 27 теңге төлесе, 2024 жылдан бастап 1 квт – 37 теңге төлеп отыр. Көтерме бағаны пайдалану үшін орташа тәуелділік (базалық) қуаттың кемінде 1 МВт көлемін тұтыну керек. Алайда облыстағы мақта өңдеу зауыттары мұндай көлемде электр энергиясын пайдаланбағандықтан, аталған жеңілдікті пайдалану мүмкіндіктері жоқ. Сондықтан 1 МВт шектік норманы 0,5 МВт дейін төмендету керек шығар?! Тағы айта кететін жайт, Түркістан облысында қауын-қарбыз, қырыққабат егіншілігімен айналысатын шаруалар осы етуге жұмсалған шығындарды өтей алмай жүр. Осы және мақта мәселесін тез арада шешпесе, дикандардың күнжөріс деңгейі төмендеп кетуі әбден мүмкін екенін қадап айтып.

Темір Базарбайұлы өзі сайланған Түркістан облысына қатысты бұдан өзге де талай мәселенің түйінін тарқатылуына себепші болды. Өзінің сайлауалды бағдарламасында қамтылған «Дарбаза–Сарыағаш–Мақтаарал» теміржолының жобасы 2023 жылғы 25 қарашада бастау алды. Бүгінде жергілікті әкімдіктер уәкілдері мемлекет міншігіне қайтару жұмыстарымен айналысуда. Жобаның құны – 286,9 млрд теңге, ұзындығы – 152,3 шақырым іске асырылу кезеңі 2023-2026 жылдар аралығы. Бұл жоба іске қосылғаннан кейін шамамен 10 млн тонна қосымша жүк ағынын тартуға мүмкіндік беретін болады.

Сонымен бірге республикалық маңызы бар А-15 «Жыззак–Гагарин–Жетісай–Асықата–Қызылскер–Сарыағаш–Жібекжолы» 102 шақырым айналма жолының құрылысын жүргізуге қазір оң қорытынды алу үшін жоба бойынша әзірленген техникалық-экономикалық негіздеме «Мемсараптама» РМК-ға жіберілген. Құрылыстың құны шамамен 200 млрд теңгені құрайды. Құрылыс жұмыстары 2025 жылдан басталады деп жоспарлануда. Осынау екі күрделі құрылыс Темір Базарбайұлының тікелей бақылауында жүзеге асып келеді.

Бұл – ықпалды Парламенттің бір көрінісі.

## ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСТЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Біз ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік берілетін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз» деп атап өткен болатын. Қазір Әділетті Қазақстанның «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы қалай іске асып жатыр? Президент айтқандай жергілікті билік, әкімдік халық үніне құлап асып жатыр ма? Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының қоғамдық қабылдау алаңында тұрғындардың өтініш-тілегін тыңдады.



Зұлпыхар Сансызбайұлы Түркістан облысындағы Сәулет және құрылыс, Жолдаушылар көлігі және автомобиль жолдары, Энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, Жұмылдыру даярлығы, Аумақтық қорғаныс және азаматтық қорғау бақылау басқармаларына қатысты мәселелерге жетекшілік етеді. «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы Аткарушы хатшысының орынбасары Қалыма Жантөреева партиямыздың өңірлік филиалына аталған салалар бойынша тұрғындар тарапынан жиі өтініштер түсетінін айтып өтті. Қабылдауға аталған салаларға жауапты басқарма басшылары және алдын ала жазылған азаматтардың мәселелері бойынша Бөйдібек, Сарыағаш аудандарының тиісті сала басшылары онлайн қатысып отырды.

Қабылдауға жазылған тұрғындардың дені баспана мәселесі бойынша көмек беруді сұрады. Бірі тұрғын үй кезегін жылдамдатуы өтінсе, енді бірі тұрып жатқан пәтерін сапасыз құрылысына күйінді. Енді біреуі баспанасының шатыры құлағалы тұрғанын айтып, демеушілер тарапынан қаржылай көмек беруге ықпал етуін өтінді.

Сарыағаштық Жанар Бархатқа былтырғы жылдары облыс әкімінің ықпал етуімен тұрғын үй салуға жер берілген. Ол аталған жерді сатып, үстіне несие алып, қаржы қосып үй сатып алады. Алайда атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудың кейбір талаптарына сай Жанар Жәдігерқызы алып отырған жәрдемақысын айырылып қалады. Денсаулығы дімкес баланы тәрбиелеп отырған, несиеді атаулы әлеуметтік көмекке сеніп алған ол енді банкке ай сайын құятын 80 мың теңгені қайдан алатынын білмей, Зұлпыхар Жолдасовтың қабылдауына жазылған. Ананың

жанайқайына құлақ түрген аудандық әкімдіктері келер жылдың ақпан айынан бастап атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға көмек беретінін жеткізді. Ал облыстық Энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Мұздыбаев оған дейінгі 4 ай бойғы несиеді жауып беруге көмектесетінін айтып, мәселе шешімін тапты. Бөйдібек ауданынан келген Асылзат Есбанова үйінің шатыры жарамсыз болып қалуына байланысты ауыстырып беруді өтінді. Зұлпыхар Жолдасов бұл мәселені оң шешімін табуына көмектесетінін жеткізді.

Сонымен қатар қабылдауға жазылған Кентау қаласы Карнак ауылының бір топ тұрғыны облыстық маңызы бар жол бойына орналасқан Үркер мектебі алдына жасанды жол келерісін салып, белгі қойып беруіне ықпал етуін сұрады. Облыс әкімінің бірінші орынбасары жауапты бөлім басшылығына таяу күндері жасанды жол келерісін орнатып беруді тапсырды. Қабылдауға жазылғандардың қатарында полиция қызметкерлерінің занысз өрекеттеріне және тұрғын үй құрылысын сапасыздығына наразылық білдіріп, шағым жасағандар да болды. Әрбір азаматтың шағымды мен өтініштерін мұқият тыңдаған Зұлпыхар Жолдасов барлығына да заң аясындағы талаптарды түсіндіріп, тиісті органдарға шағымдану құқықтарының бар екенін жеткізді.

Зұлпыхар Сансызбайұлының қабылдауына келушілердің қарасы көп болды. Тұрғындар тарапынан әрбір мәселені нақты шешімін табуына барынша назар аударған облыс әкімінің бірінші орынбасарына, билік пен бұқараны байланысын үйлестіріп отырған партияның өңірлік филиалы қоғамдық қабылдау бөлмесіне де алғыс білдіріліп жатты.

Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданының сотына Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданы Новостройка ауылы Центральная көшесі, 14 үй, 2 пәтер мекенжайында тұратын Погожева Татьяна Васильевна 1959 жылғы 2 қаңтарда туған Погожев Владимир Тимофеевичтің қайтыс болғанын жариялау туралы өтініш келіп түсті.

2 қаңтар 1959 жылғы Владимир Тимофеевич Погожевтың болған жері туралы мәліметтері бар барлық тұлғалардан жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде сотқа хабарлауды сұраймыз.

В суд района Самар Восточно-Казахстанской области поступило заявление Погожевой Татьяны Васильевны, проживающей по адресу: Восточно-Казахстанская область, район Самар, село Новостройка, улица Центральная, дом 14, квартира 2, об объявлении Погожева Владимира Тимофеевича 2 января 1959 года рождения, умершим.

Просим всех лиц, имеющих сведения о месте пребывания Погожева Владимира Тимофеевича 2 января 1959 года рождения, сообщить об этом суду в трехмесячный срок со дня публикации.

7 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ

**Т**аяуда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары білім беру мәселелеріне арналған QS Higher Education: Asia Pacific 2024 пре-саммиті өтті. Білім беру сапасын жақсартуға бағытталған негізгі стратегияларды анықтауға мүмкіндік беретін халықаралық жиын QS Азия-Тынық мұхиты саммитінің 20 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған.

**А**лтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

Іс-шараға QS Quacquarelli Symonds сараптама агенттігінің коммерциялық бас директоры Джейсон Ньюман, Президенттің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, ЕАЭО елдеріндегі клиенттермен серіктестік жөніндегі және QS Жаһандық үкіметіндегі аймақтық директоры Сергей Христолюбов, сондай-ақ әлемнің 150 мемлекетінен, соның ішінде Қытай, Жапония, Индонезия, Үндістан, Малайзия және тағы басқа елдерден келген 350-ге жуық ЖОО ректорлары, халықаралық сарапшылар және қазақстандық жоғары білім басшылары қатысты.

### 30 МЫҢҒА ЖУЫҚ ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТ КЕЛДІ

QS – әлемдегі университеттердің көрсеткіші мен нәтижесін көрсететін беделді халықаралық рейтингтердің бірі. Бүгінде QS әлемдік рейтингіне қазақстандық 21 жоғары оқу орны қатысады. Жиын барысында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек отандық университеттердің жоғары білім мен ғылым саласын дамыту бағытында жүргізіп отырған жұмыстары туралы баяндама жасады. Министр өз сөзінде QS рейтингіне қатысатын қазақстандық жоғары оқу орындарының жақсы нәтижеге қол жеткізіп отырғанын негізге алды.

– Қазір Қазақстан ЖОО-лары әлемдік университеттермен серіктестікті арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Біз өзгерістерге жақын болуымыз тиіс. Бұл университеттердің беделін арттыруға мол мүмкіндік береді. Биылғы оқу жылында Қазақстанға 30 мыңға жуық шетелдік студент оқуға келді. Соңғы екі жылмен салыстырсақ, 10 мың студентке көп. Әлемде ауқымды үш рейтинг бар. Ең маңыздысы – QS халықаралық рейтингі. Бұл рейтингке Қазақстанның 21 университеті қатысады. Соның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ отандық университеттер арасында көш бастап, 163-орында тұр. Биыл министрлік тұңғыш рет отандық ұлттық университеттердің рейтингін жасап шығарды. Бұл әлемдік рейтингтердің сарапшыларымен бірлесіп әзірленді. Ұлттық рейтингте көрсеткіші өскен ЖОО-лардың QS жаһандық рейтингіндегі орны да жоғарылайды. Ұлттық рейтинг елімізде алғаш рет қолға алынды, – деді Саясат Нұрбек.



# QS: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ



### ӘРІПТЕСТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАУДА

Пре-саммитте білім беру саласындағы жаңа идеяларды ортаға салу үшін Ирландиядан арнайы келген Лимерик университетінің жаһандық қаты-

настар жөніндегі Вице-президенті, профессор Найджел Хили редакциямызға берген сұхбатында жиында талқыға салынған мәселелер мен оны шешу жолындағы стратегиялар туралы баяндалды.

– Жиында университет жұмысының тиімділігін арттыруда қазақстандық жоғары оқу орындарының шетелдік университеттер мен ұйымдармен әріптестік қарым-қатынасты қалай пайдаланатыны туралы талқыдалды. Біз алдағы уақытта бұл мәселені зерттейміз. Егер сіз шетелдік университеттерді өз еліңіздегі кампус құруға немесе студенттерге сабақ беруге шақырсаңыз, олар білім беру бағдарламаларын ұсынады. Біз өзара тиімді халықаралық ынтымақтастық үшін бірлескен зерттеу мекемелері мен жобаларды дамыту жолымен жүргізіп келеді, – деді ол.

Онымен қоса, Найджел Хили шетелдік университеттердің қазақстандық жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыс орнатуға ниет танытып отырғанын, ал бұл білім беру саласында жоғары көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Біз мұнда университеттердің студенттері мен ғалымдарын біріктіре отырып білім беру орталығын құру үшін Қазақстанның Батыс, Шығыс, Солтүстік және Оңтүстікпен байланысын қалай пайдаланатынын зерттеу мақсатында жиналды. Бұл рәсімде біз үшін өте қызық. Қазірдің өзінде 43 шетелдік университет қазақстандық жоғары оқу орындарымен әріптестік қарым-қатынас орнатуда. Бұл жоғары білім беру секторының ғылыми зерттеу және академиялық көрсеткіштерін арттырудың тиімді тәсілі. Халықаралық іс-шараға әлемнің түкпір-түкпірінен Қазақстандағы өзгерістер қызықтырған университет өкілдері қатысып отыр, – деп сөзін түйіндеді Найджел Хили.

### ДАМУҒА СЕРПІН БЕРДІ

QS Quacquarelli Symonds сараптама агенттігінің коммерциялық бас директоры Джейсон Ньюман халықаралық жиынның Қазақстандағы көшбасшы университет – ҚазҰУ-да өтуінің өзіндік маңызы бар екенін алға тартты. Сондай-ақ ол шетелдік жоғары оқу орындары өкілдерін бір арнаға тоғыстырған пре-саммит озық тәжірибелер мен идеялармен алмасу алаңына айналатынын айтты.

– QS пре-саммитін Қазақстанда, соның ішінде көшбасшы жоғары оқу орындарының бірі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өтіп жатқанына қуаныштымын. Жаһандық мәселелерді жалғыз шеше алмаймыз. Бұл тұста барлығымыз бірлесіп жұмыс істеуіміз маңызды. Бүгінгі іс-шара әлемдегі университет ректорларының басын қосып, жоғары білім мен ғылым саласындағы халықаралық деңгейдегі мәселелерді шешуге мұрындық болып отыр. QS рейтингі барлық ЖОО-ның бір-бірімен тығыз жұмыс істеу, академиялық ұтқырлық бағдарламасын дамыту, ғалымдардың тәжірибе алмасу, әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстарын жандандыруға серпін берді, – деді Джейсон Ньюман.

Азия-Тынық мұхиты аймағындағы жоғары білім беру мәселелері бойынша QS саммиті 5-7 қараша күндері Макао қаласында жалғасады. QS пре-саммитінің қорытынды жиынын 8 қараша күні Гонконг қаласында өткізу жоспарланған.



## «ЕР МЕН ЕЛ»

### ТАРИХЫНАН СЫР ШЕРТЕДІ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, жазушы, өлкетанушы Кенжебек Сержанұлының «Ер мен ел» атты тарихи-танымдық кітабының тұсаукесері өтті.

Шараға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Негимов, жазушы Алтыншаш Жағанова, ғалым, академик Дихан Қамзабекұлы және басқа да қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, көрнекті ғалымдар мен қаламгерлер қатысты. Жиын басында тарихшы-этнограф Қойшығара Салғараұлы жас зерттеуші-қаламгерге ақ батасын берді.

«Ұлт тұлғаларының тарихи еңбегін, тағылымын, даналығын жан-жақты, толық толғап, ұғынықты тілмен жатық түсіндірген. Әрбір кеменгер тұлғаның өмірбаянын тарихи деректермен нық дәйектеп отырады. Кемел мысалдар келтіріп, афоризмдермен тұздықтай білген. Кенжебек Сержанұлының «Ер мен ел» атты тарихи-танымдық еңбегі кышқыл, әулие-әнбиелердің, абыздардың, бұлбұлдай сайраған дүлдүл жыршылардың, «алдынан кара кетпеген, артынан кара жетпеген» жорықшы жырғаулардың, Еділдің қызыл желіндей «ақиқаттың ақ жолында қырандай батылдық, шешімпаздық, тәуекелшілдік танытқан би-шешендердің мүбәрәк мекені – Маңғыстаудың шежірелі тарихына бағышталған. Саликалы жинақтағы жазбалар Маңғыстаудың қасиетті жұртының басынан өткен қасиетті ғасырларды гөй-гөйлете сөйлетеді, замана суреттерін жаңа бітіреді, ел жалында жатталған ғибратты ойларға, асыл сөздерге қанат бітіреді, сөйтіп халықтың тарихи зердесін дәуір мәлі-



меттерімен, шежірелік деректермен, таңдаулы тәмсілдермен, ойлы да оюлы әңгімелермен, тарихи-мәдени, ұлттық-рухани құндылықтармен байытып толықтырады», – деп баға берді профессор Серік Негимов.

Бұл кітапта автор маңғаз өлке, майлы қиян Маңғыстау түбегінен шыққан, есімдері халық арасында кеңінен танылған марғасқа тұлғалардың өмір тарихынан сыр шертеді. Ел басына күн туғанда ұлан-ғайыр жерін жау табынан қорғап, ереуіл атқа ер салып, қиян да күрделі кезеңдерде намыс туын жөніс жалауына айналдырған қаһарман ерлердің ел алдындағы ерен істері баяндалады. Сонымен қатар елдік істердің ұйытқысы бола білген қайраткер азаматтар жайлы да кеңінен әңгімеленеді.

«Кейінгі ұрпаққа ұлттық рухани тәрбие беруге тағылымды ғұмыр кешкен азамат ерлер әрдайым үлгі болары сөзсіз. Бұл еңбегім өлке тарихы мен әдебиетке жаны жақын оқырман қауымға арналады», – дейді Кенжебек Сержанұлы.

Асыл ТҰМАР



NUR MEDIA  
МЕДИЯ ХОЛДИНГІ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абаал АППЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Талсырыс №4518

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,